



МАҢІЛІС ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтіп, онда бірқатар мәселе қаралды.

Көктемгі дала жұмысының қорытындысымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жақанов таныстырды. Айтуынша, биылғы егіс көлемі 1771 мың гектар жерге жеделенген. Өткен күзде шаруашылық құрылымдары 3236 гектарға күздік бидай егуді, 55,8 мың гектарға сүлгілер айдауды қамтамасыз етті. Бүгінгі күні ерте егілетін дақылдар толық егіліп, барлық дақыл түрі бойынша жеделенген егіс көлемі артығымен орындалды. Техника түгел, минералды тыңайтқыштар мен гербицидтер біртіндеп жеткізіліп жатыр.

Диқандарды мазалаған бір ғана мәселе бар. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суару көлемі 4,2 млрд текше метр болып бекітілді. 6 маусымдағы мәліметке қарағанда «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 126 текше метр су түсіп жатыр. Қоймаға 3,9 млрд текше метр су жиналып, одан төменге секундына 350 текше метр су тасталады. Ал «Көксайран» жіберіліп жатқан су көлемі 300 текше метрге тең.

– Бүгінде осы екеуінде 5 млрд текше метр су жиналды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 млрд 304 млн текше метрге кем. Облысқа жоғарыдан барлығы 635 текше метр су түсіп, оның 478,6-сы шаруашылықтардың егістік каналдарына жіберілуде, – деді басқарма басшысы.

Биыл су мөлшерінің жылдағыдан аз болғаны туралы бұған дейін ескерілді. Соған қарамастан, кейбір шаруашылық құрылымдарының суды ретсіз пайдалануы тыйыммай тұр. Оның үстіне, биыл көктем кеш шығып, дала төсіндегі жұмыс та әдеттегіден кеш басталды. Дегенмен, диқандар тәуір нәтижеге жету үшін тынбай еңбектенуде.

Аймақ басшысы Сырдария өзенінде қалыптасқан жағдай қатаң бақылауда болатынын, су үнемдеу шараларын ерекше қадағалау қажеттігін қаперге салды. Осы орайда суыз жау қауіпі бар егістіктерді анықтап, оларды сумен қамтамасыз етудің нақты жоспарын әзірлеу маңызды. Талап бойынша енді жерде егістік үшін су кестеге сәйкес беріледі.

Мәжілісте қаралған келесі мәселе – балық шаруашылығын дамыту және қорғау шаралары жөнінде облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Әбдуллин айтты. Кіші Арал теңізі мен 200-ден астам көлден балықтар – 8 740, ал осы жылдың 5 айында 1687 тонна балық ауланды. Балық өңдеумен 8 зауыт айналысса, оларда 500-дей адам жұмыс істейді.

– Қазіргі кезде Арал қаласының индустриалдық аймағынан «Ақвакультура ЛТД» серіктестігі балық өңдеу зауытын салып жатыр. Ол осы жылдың IV тоқсанында іске қосылады. Сол кезде қосымша 50-60 адамға жұмыс табылады, – деді басқарма басшысы.

Сыр балығын сыртқы нарыққа шығару ісінде ілгерілер бар. Биыл су маражы экспортталатын мемлекеттер қатарына Голландия мен Қытай қосылды. Ал бұған дейін Ресей, Германия, Польша, Украина, Грузия секілді елдер біздің балықтың дәмін татып көрген еді.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2018

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2018 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.



Облыстық «Сыр бойы» газетінің жазылу бағасы: **жөкекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге, 12 айға – 6000 теңге.**
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, 12 айға – 8000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.



Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

БАСПАСӨЗ ТАРАТУ БӨЛІМІ – 40-05-81.



ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ЖОЛЫ

Бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру, отбасылық өмір салты, ата-аналық парыз, жауапкершілік секілді ұғымдарды ел санасына сіңіру мақсатында ұйымдастырылған «Мерейлі отбасы-2018» ұлттық байқауының облыстық кезеңі мәресіне жетіп, үздіктер анықталды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, жеңімпаз отбасыларды құттықтады.

– Әрбір отбасы босағасының беріктігі – мемлекет іргетасының мығым, әрі кемелділігінің кепілі. Отбасы құндылығы қай ел үшін де мемлекеттің саясаттың ең маңызды бөлігі саналған. Сондықтан Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен елімізде отбасы институтына деген қамқорлық үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі жыл сайын көбейіп отыр. Бала туу

көрсеткіші бойынша Сыр өңірі республикада алдыңғы қатарда. Аймағымызда 44 мыңнан астам көпбалалы ана болса, оның 27 мыңы – батыр ана. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» алтын құрсақты аналарымыздың 14 мыңға жуығы – «Алтын алқа», 13 мыңнан астамы – «Күміс алқа» иегері. Отбасы – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда, адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруда рухани-адамгершіліктің бастауы. Сіздер әрқайсыларыңыз өз отба-

сыларыңызды берік сақтау, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу арқылы өз еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келесіздер, – деді аймақ басшысы.

Елбасының бастамасымен 2014 жылы алғаш рет өткізілген сайыс дәстүрге айналды. Ұлттық байқауға қатысуға ниет білдірушілер саны жылдан-жылға артып отыр. Биыл облыста 361 отбасы бақ сынады. Байқауға қатысқан отбасылардың қатысқан Байменовтер отбасы жеңіп алды. Отбасы Рақымжан Байменов КСРО кезінде білім саласы мен партия органдарында басшылық қызметтер атқарған. Жары – Сапура Байменова «Батыр Ана», «Алтын алқа» иегері. Бүгінде 9 бала, 22 немере, 3 шөбере сүйін отыр. Ал, бірінші орынды Шиелі ауданынан қатысқан Ишанқұловтар отбасы иемденсе, екінші орын жалағаштық Тоқсановтар әулетіне бұйырды. Үшінші орынды қызылордалық Досмахановтар еншіледі.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев шахматтан оқушылар арасындағы әлем чемпионы, ФИДЕ шебері Назерке Нұрғалимен кездесіп, жас шахматшы мен оның бапкері Василий Шимелковқа алдағы сайыстарда жеңіс тіледі.

Жас спортшы Албанияның Дуррес қаласында сәуір айында өткен жарыста 15 жасқа дейінгі оқушылар арасында Әлем чемпионы атанды және жеңіс жеткен еді. Чемпионатта 40 елден келген 420 спортшы жүлделерді сарапта салды. Айтулы жарыста Қазақстан құрамасы 4 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль иеленді. Н.Нұрғали швейцар жүйесі бойынша классика түрінде 9 турдан 8 ұпай жинап, Әлем чемпионы атанды.

Шахматпен 6 жасынан бастап шұғылданған Назерке №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде тәлім алады. 9 дүркін ҚР жеңімпазы, ФИДЕ шебері, Азия чемпионының күміс, қола жүлдегері, оқушылар арасында Азия чемпионы, Әлем чемпионатының қола жүлдегері, оқушылар арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған.

Қабылдаудан кейін журналистерге сұхбат берген Әлем чемпионы: – Бұл жеңіс менің арманым еді. Халықаралық байқаудағы алғашқы алтын медаліме қол жеткіздім. Алдыңғы жарыстарда күміс пен қола жүлделер ғана иеленіп жүрдім. Жаттықтырушының, мектебім мен облыстық спорт басқармасының қолдауын сезіндім.

Бүгінгі облыс әкімінің қабылдауынан ерекше әсерленіп шықты. Қырымбек Елеуұлы алдағы жарыстардан тек жеңіске жетуге, бұдан да биік шыңдарды бағындыруға тілек білдірді. Облыс басшылығына спортшыларға көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдіремін, – деді.

Спортшы тамыз айында Монғолияда өтетін Азия чемпионатына, қыркүйекте Түркияда өтетін Әлем чемпионатына қатысады. Аталған жарыстарда Назерке 20 жасқа дейінгі қыздар арасында сығна түседі. Ал қазан айында Грекиядағы Әлем біріншілігінде 14 жасқа дейінгі спортшылар арасында бақ сынады.

«СБ» ақпарат.

МАҢСЫМ

ЖАЙДАРЫ ЖАЗДЫҢ ҚЫЗЫҒЫ

Жаз. Бұл мезгілде мектеп оқушылары демалысқа шығып, бос уақытын бірі – үйде, бірі – ауылда, енді бірі лагерлерде өткізеді. Еліміз бойынша олардың демалыс маусымын лагерлерде жоғары деңгейде ұйымдастыру ісі басталып кетті. Өңірде бірнеше тыңғу орны есігін айқара ашты.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев балақайларды шат көңілге бөлеген «Сырдария» лагеріне барып, демалушылармен кездесті. Аймақ басшысы оларға «Денсаулықтарыңызды нығайтып, жаңа дос табуға және жақсы демалыстан кейін қайтадан оқуға кірісулеріңізге тілектеспін», – деген ізгі лебізін білдірді.

Байқағанымыздай, лагерде тыңғулықты демалыс өткізу үшін көптеген қызықты шаралар ұйымдастырылады. Олардың қатарында түрлі спартакиада, әскери-патриоттық ойындар мен әркімді байқаулар бар. Бірнеше өнер



үйірмелері ашылған. 2 қабаттан тұратын 4 жатын орынды ғимарат, қызметтік және дәрігерлік пункт, 80 орынға лайықталған асхана үздіксіз жұмыс істейді. Демалушыларға ұсынылатын тағамдар санитарлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес қала таң тексеріледі. Сондай-ақ, балалардың денсаулығын нығайту мәселесі медицина қызметкерлерінің бақылауында болады.

– Терең білімді өрендер мен спортта оза шауып, олжа салған оқушылар біздің лагерде талабын ұштайды. Жазғы демалыс биыл бірнеше бағытта қамтымақ. Балалардың бейімділігіне қарай үйірмелер жұмысын жалғастырады. Өнерге ынтасы барлар домбыра

шертіп, мың бұрала билеп, ән шырқайды. Ал шымырлары спортқа қатысады. Жаңа маусымның ерекшелігі – этноауылдың ашылуы. Яғни, киіз үйлерде тоқыма тоқу, киіз басу, кесте тігуге машықтандырады. Бұл – балаларға әдемі демалыс сыйлап ғана қоймай, оларды шығармашылық тұрғыда дамыту, – дейді лагерь директоры Мейірман Кенжебаев.

«Сырдарияда» жазғы демалысты тиімді өткізуге болады. Нысанның демалушыларды қабылдауға деген дайындығы сақдай сай деуге толық негіз бар. Тақирлықа туздық ретінде айта кетейік, облыстың білім беру мекемелеріндегі 1-10 сыныптағы барлығы 136200 оқушы облыстық

және республикалық жазғы тыңғу лагерлерінде демалып, спорт клубтары мен түрлі үйірмелерде бос уақытын тиімді өткізеді екен. 2017-2018 оқу жылы 136-дан астам оқушы тиімді демалыспен қамтылмақ. Оның ішінде 9 жазғы тыңғу лагерлері 7 ауысымда демалушыларды қабылдаса, 111200 бала мектеп жанындағы жазғы лагерлерге барады. Мамандардың айтуынша, бұдан бөлек оқушылар үшін аймақтың көрікті жерлеріне экскурсия мен түрлі спорттық-танымдық секциялар мен үйірмелер жұмысы ұйымдастырылады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Көлік инфрақұрылымының тиімділігін арттыру – қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі. Оның өзектілігіне ерекше мән берген Мемлекет басшысы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жаңа Еуразиялық инфрақұрылымды дамытуға баса көңіл аударып, Үкіметке 2020 жылға қарай транзиттік тасымалдаудың жылдық мөлшерін ұлғайтуды тапсырған болатын.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Осы мақсатта ел Үкіметіне контейнермен тасымалданатын жүкті 2 миллион контейнерге дейін көбейтіп, жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдауды 1,6 миллион транзиттік жолаушыға дейін арттыру, сондай-ақ транзиттік тасымалдаудан түсетін табысты жылына 5 миллиард долларға дейін ұлғайту жүктелді.

Қазіргі таңда осы аталған міндеттерді орындау үшін біз «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып жатырмыз. Бағдарламада отандық автожол желілерінің құрылысы мен реконструкциясына басымдық беріледі. Бүгінде елімізде 5 халықаралық темір жол және 6 автомобиль долізі құрылды және қаржы жұмыс істейді. Осы долізерлі дамыту үшін еуразиялық көлік долізерлерінің жаңа архитектурасы құрылуда. Каспий аймағының Солтүстік-Оңтүстік және Транскаспий халықаралық көлік бағыты сияқты долізер Қытайдан Еуропаға, Үндістаннан Еуропаға одақ елдеріне және Ресейге жүк тасымалдау уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Каспий аймағындағы теңіз порттары Эзербайжанға, Түркіменстанға, Ресей мен Иранға және одан әрі Таяу Шығысқа қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Осы орайда тілге тиек етерлік жедел жобалардың бірі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік долізі. Бұл жобаның арқасында Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға дейін жүктер 10-12 күн ішінде жеткізіледі, ал Оңтүстік Теңіз жолы бойымен 45-60 күнде жеткізуге болады.

Темір жол саласында жалпы ұзықтығы 112 км «Алматы – Шу» ұчасында екінші жол желісінің құрылысы 2017 жылдың соңында аяқталды. Жалпы, жобаны іске асыру ұчасында өткізу мүмкіндігін 3 есеге, қозғалыс жылдамдығын 2 есеге арттырды. Өткен жылдың мамыр айында елордада «Нұрлы жол» жаңа вокзал кешені пайдалануға берілді. Жаңа вокзал тәулігіне 35 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал Астанадағы қолдан-ыстағы ескі вокзалмен қоса алғанда тәулігіне 47 мың жолаушыға қызмет көрсетіледі. Бұл елордадағы жолаушылар ағынына сапалы қызмет көрсетуіне толығымен қамтамасыз ететін көрсеткіш. Бүгінгі таңда Каспий теңізіндегі Құрық портының жаңа темір жол паром терминалы арқылы миллион тоннадан астам жүк өңделді. Автомобильге арналған бөлігін дамыту жалғасуда, жоспар бойынша құрылыс биылғы жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс. Нәтижесінде порттың жылдық жалпы қуаты 6 млн тоннаға дейін жететін болады.

Еліміздің шығысында, Қытаймен шекара маңындағы аумақтағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақ базасында 2015 жылы Құрық портының және инфрақұрылымның құрылысы аяқталды. Құрық портта клиенттерге «бір терезе» қағидаты бойынша көлік-логистика қызметтерінің барлық түрін, оның ішінде кедендік және брокерлік қызмет көрсету мүмкіндіктері қарастырылған.

2017 жылы Астана қаласы әуежайында жаңа терминалдың құрылысы аяқталды. Терминал ауданы 47 мың шаршы метрді алып жатыр. Жаңа нысанның жолаушылар өткізу мүмкіндігі жылына 5 млн адамды құрайды. Қолданастағы бүрынғы терминалдың мүмкіндігі 3,2 млн адамға тең болатын. Яғни терминалдың қазіргі мүмкіндігі жыл сайын басаяғы 8,2 млн жолаушы немесе 2525 жолаушы/сағатты құрайды.

Жаңа терминалда LOT Polish Airlines, «WizzAir», «FinnAir», «Air China», «Lufthansa», «Air Arabia» және басқалар санын шетелдік 17 әуе тасымалдаушы компания халықаралық рейстерде қызмет көрсетіп келеді. Сондай-ақ, Дели, Варшава, Хельсинки, Будапешт, Бейжің, Ереван, Киев, Бағдям, Минеральные воды сынды бағытта жаңа рейстер ашылды. Қазіргі уақытта халықаралық әуе қатынастарының саны – 96. 2018 жылы Астана қаласынан Вильнюс, Ереван, Ұлан-Батыр, Том, Омбы, Түмен, Челябинск қалаларына халықаралық әуе қатынастарын ашу жоспарлануда. 2019 жылы – Токио мен Сингапурға, 2020 жылы Шанхай мен Нью-Йоркке әуе қатынастары ашылуға тиіс. Қазіргі уақытта елімізде 15 әуежай Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) санаатына сай қызмет атқаруда. Алдағы уақытта Қазақстан арқылы Қытай-Еуропа бағыты бойынша транзиттік жүк қозғалысы күшейеді деп болжам

жасауға болады. Бүгінгі таңда көлік-логистикалық қызметтерде Қытай – Еуропа – Қытай тұрақты контейнерлік желілері ашылып, 15 халықаралық бағытта жүк ағынын Қытай (Чэнду, Ухань, Чженжоу, Чунцин, Путиан, Урумчи, Хэфэй, Ланчжоу, Чендоу, Иву, Сиань, Синин) мен Еуропа (Дүйсбург, Кутно, Гамбург, Лодзь, Нюрнберг, Ктока, Тилбург, Шатокай, Мадрид, Малашевич, Антверпен, Тересполь, Пардубице) негізгі біріктіру пункттері енгізілді.

Қазақстанның транзиттік әлеуетін жүзеге асырудың стратегиялық мақсаты – контейнерлік тасымалды дамыту. Сол себепті 2011 жылмен салыстырғанда Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша контейнерлік поймаздар көлемі 100 еседен астамға артып, 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті 2 миллион контейнерге дейін ұлғайту жоспарлануда.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қытай – Еуропа – Қытай бағытындағы контейнерлік тасымалдардың көлемі 201 мың контейнерді құрады. Ол 2016 жылғы (104,5 мың контейнер) кезеңмен салыстырғанда 92%-ке артық. Контейнерлік тасымалдауды одан әрі дамыту үшін бүгінгі күні жылдамдықты арттыру, технологиялық процестерді оңтайландыру, жаңа мультимодальды тасымалдау схемаларын қолдану және автоматтандырылған жүйені енгізу арқылы жеткізу уақытын қысқарту үшін қосымша жұмыстар жүргізілуде. Бұл шаралар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның Жапония, Корея, Вьетнам және басқа да елдеріне әлеуетті жөнелтушілерді тартуға және Еуропадан Азияға кері қайтаруды арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Қазір Үкімет кезең-кезеңімен жаңа технологияларды енгізіп, сыртқы және ішкі көліктік-логистикалық орталықтар арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етіп, мультимодальды тасымалдарды жүзеге асыруда. Сонымен қатар оны тиімді басқару, тасымалдау жылдамдығын арттыру, жоғары сапалы логистикалық қызметтерді ұсыну және одан мемлекетке түсетін табысты ұлғайту көзделген.

Роман СКЛЯР, Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі. «Егемен Қазақстан» газеті.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Дегенмен, өңірде балық аулау заңнамасына пысықырып та қарамайтындардың қарасы азаймай тұр. Жыл басынан бері осындай 239 дерек анықталып, әкімшілік айыппұлдың 88 проценти өндірілген. Ереже бұзғандардан 90-нан астам ау, 759,4 келі балық тәркіленді. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Исатай Әбдіразақовтың айтуынша, соңғы үш жылдан бері республика көлемінде «Таза су айындары» атты табиғат қорғау акциясы өткізіліп келеді.



Акция барлық аудан мен елді мекенді қамтыды. Быыл облыстан оған 108 техника мен 15 шағын кеме жұмылдырылып, 48,5 тонна түрлі қоқыс пен суда қалған мыңнан астам ау қалдықтары шағырылды, – деді ол.

Инспекция өкілі осы орайда «Қоқарал» бөгетіне балық аулау қондырғысын орнату, «Қамыстыбас» питомнигін қайта жаңғырту туралы ұсыныс көтерді. Облыс әкімі бұл ұсыныстардың орынды екенін, мәселені шешу мүмкіндіктері қарастырылатынын жеткізді.

Бүгінде облыс аумағында мемлекет қорғауына алынған 517 ескерткіш бар. Тарихи-мәдени мұраларды пайдалану мен қорғаудың жай-күйіне

облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова кеңінен тоқталды.

Облыс әкімі осы орайда жазғы демалыс кезінде өңірдегі киелі, көрнекті орындар мен ескерткіштерге балалардың саяхатын ұйымдастыру туралы құзырлы мекемелерге тапсырма берді. Сыр өліңі туристік әлеуеті жоғары, мүмкіндіктен де баршаралық. Мысал ретінде әрісі Аралдағы Қамбаш көлі мен берісі Жаңақорғанның әйгілі шипажайын келтірсек те жеткілікті. Ішкі туризмді дамыту мәселелерін баяндаған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Бақытжан Намаев «Байқоңыр» ойын-сауық және туризм аймағын құруды ұсынды. Өйткені ғарыш

айлағы мен жұлдызды қала-шық сырттан келетін қонақтардың қызығушылығына ие. Оның үстіне, отандық 7 туроператор 2016 жылдан бастап Қазақстанның туризм тарихында бірінші рет «Байқоңыр» кешені бойынша турлар ұйымдастыру және оларды сату құқығына ие болды. Бүгінде «Байқоңыр» туризм аймағының құрылысы үшін жер телімі бөлінді. Енді осы бағытта жұмысты бастау қалып түр.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі қай мәселені де назардан тыс қалмайтынын, жауапкершілік қатаң сұралатынын атап өтті.

Назерке САННІЗОВА, «Сыр бойы».

КӘСІПОДАҚТАР ФОРУМЫ

10 маусым – Қазақстан кәсіподақтары мерекесіне орай «Кәсіподақтар жаңғыру жолында» II облыстық кәсіподақтар форумы өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Қ.Бісқақов пен жергілікті мекеме басшылары және бірқатар салалардағы кәсіподақ ұйымдарының төрағалары қатысты.

Ортақтастық. Үнтымақтастық. Жасампаздық. Мотошеруімен «Менің елім» кәсіподақтар флешмобинан бастау алды. Қ.Бісқақов қатысушыларды мерекемен құттықтады. Мемлекетіміздің байлығы – ол еңбек адамы. Бұл мереке кәсіподақ мүшелерінің ғана емес, бәрін бұрын еңбек адамының мерекесі. Мерекенің негізгі мақсаты – еңбек адамының құқықтарын қорғаудағы кәсіподақ бірлігін, еңбеккер мәртебесін көтерудегі жаңа бастамаларды насихаттау. Осы ретте, жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы мәселелерді дер кезінде шешіп, барлық тараптың тығыз ынтымақтастықта болуға кәсіподақтың маңызы зор, – деген Қуанышбек Досмайлылуды мұнан әрі осы салада еңбек етіп жүрген бірқатар кәсіпкерлерді облыс әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

АЙРЫҚША АКЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сенбіде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұқараны салауатты өмір сүруге шақырған «Challange! Сенің жаңа қырың!» акциясы өз мәресіне жетті.



Уш аптаға жалғасқан челлендж мақсаты – Елбасының тұрғындарды салауаттылыққа шақырған үндеуіне үн қосу, бұқараны спортпен айналысуға шақыру. Республика көлемінде жүргізілген шараға сырбойлықтар да белсене қатысты.

Орталық алаңда өткен акция мақсаты «Денсаулық қалашығы» ұйымдастырылып, емханалар тұрғындарды тексеру өткізді. Жылжымалы кешенді машиналары жұмыс жасады. Сонымен бірге «Балалар қалашығы» жасқалтылып, балдырғандар үшін түрлі ойындар ойналды, көпшілік назарына спорттық көрсеткіштер ұсынылды. 3000-нан астам жастар бір мезгіле танғы жаттығу жасап, флешмоб биледі.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейіпбек Шаухаманов жастарды зиянды әдеттерден аулақ болып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға шақырды, саламатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы жөнінде айтып өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы аса қырағылықты, шапшаң қимылдауды, жедел бейімделуді талап етеді.



ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Біз өткен жылы Астанада «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің зор абыроймен өткенін мақтаншыпен айтамыз. Әлбетте, көрме Қазақстан экономикасының әртараптандырылу деңгейін де жарқын көрсетті. Жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, қазақстандық индустрияның инвестициялық әлеуетін күрестіріп беруде.

Аймақта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жұмыстар жалғасуда.

Алдағы уақытта бұл бағытта тағы да 2 жобаны жүзеге асыру басталды. Инвестор «Байқоңыр Солар» серіктестігі Аралық мен Бірқазан елді мекендерінің сұлулығына қуаттылығы 50 МВт күн электр станциясының құрылысын салуды жоспарлауда. Осы орайда, 2018 жылғы 17 мамырда Астанада ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев пен Еуропалық қайта құру және даму банкінің бірінші вице-президенті Юрген Риттернинг арасында күн электр станциясын салу жобасын қолдау туралы келісімге қол қойды. Қазіргі уақытта техник-экономикалық негіздеме әзірленуде.

далануды қолдау туралы» Заңына сәйкес қазіргі уақытта жаңартылатын энергия көздері жобалары үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстар басталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Энергетика қанының Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №466 бұйрығымен Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тиісті қағидалар бекітілді.

Министрлік аукциондық сауда-саттықты өткізудің болжамды күнінен кем дегенде 3 (үш) ай бұрын аукциондық сауда-саттық өткізудің кестесін әзірлейді және өз интернет-сайтында жариялайды, онда жаңартылатын энергия көздері объектілерін салу үшін резервке алынған бос жер телімдері туралы апаратын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің сұранысымен облыс аумағынан 2 жер учаскесі таңдалып, резервке қою туралы ұсыныстары берілді:

Елбасы Жолдауында отандық тауар өндіретін жаңа өндіріс орындарын ашып, Қазақстан өнеркәсіпін дамытуды, осы арқылы жаңа жұмыс орнын құруды тапсырғаны белгілі. Осы ретте Сыр өңірінде өндіріс өркендетіп, ел нарығын жоғары сапалы тауармен қамтып және отандық брендті қалыптастыруға өз үлесін қосып жүрген құрылымдар қатары көбейіп келеді. Солардың бірі – «Электр Технология» жауапкершілігі шекеулі серіктестігі.



Осыдан 15 жыл бұрын негізі қаланған кәсіпорының Қызылорда қаласында, «Құмкөл», «Әлібекмолда», «Қожасай», «ӨзенМұнай» газ кеніштерінде арнайы электртехникалық жабдықтарды жөндеуге арналған өндірістік және жөндеу базалары, интеллектуалды автоматтық станцияларды басқару жүйесін жинақтайтын жөндеу цехтары бар. Компания «Торай Петролеум» кәсіпорнын толығымен электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыр.

ӨРІСІ КЕҢ ӨНДІРІС

«Электр Технология» ЖШС-да жұмыссыз жандарға кәсіптік білім беретін оқу орталығы да қарастырылған. Онда үшінші разрядтағы электргазбен дәнекерлеуші және электрмонтер мамандықтары оқытылады. Қалаық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші орынбасары Еділхан Мұстафин «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту 2017-2021 жылдарға арналған бағдарлама» аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту арқылы мамандар даярлауда. Оқу орталығының директоры Қазтай Әбдіревитің айтуынша, мұнда кәсіптік білім алып шыққан мамандардың жұмыс табуына орталық өз ықпалдарын тигізеді.

Орталықта наурыз айынан бастап 25 адам оқиды. Әр оқушыға 20 мың теңге көлемінде шақыртқа төленеді. Қазіргі күні мекемелерге хат дайындалуда, солардың тапсырысы бойынша мамандардың жұмысқа жібереміз. Сондай-ақ, оқып жатқандардың көпшілігі жеке кәсіппен айналысуды мақсат еткендер. Олар үшін кәсіпкерлік палатасы мен «Даму» қорынан арнайы мамандар шақырып, дәрсі берудеміз. Бұл мамандықтарға

сұраныс жоғары, қажеттілік бар. Алдағы уақытта кран машинисттері мен кран манипуляторын әрі аспазшы мамандарды даярлау жоспарда бар, – дейді Қ.Әбдіревит.

Жұмыссыз жүрген жандар үшін бұл бастама таптырмас мүмкіндік. Тек мұнда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамасы арқылы келесі. Егер өз бетіңізше оқығыңыз келсе, дәріс ақылы түрде жүреді. Сондай-ақ, кәсіби біліктілік деңгейін көтеру үшін де осы орталықта біліміңізді жалғастыруға мүмкіндік бар. Ең бастысы, мұндағылар өндірістік тәжірибеден өткен, кәсіби білімді маман болып шығады.

Мен «Наурыз» шағын ауданының тұрғынымын. Осы уақытқа дейін жұмыссыз болдым. Бағдарламаны естігенім «Электр Технология» ЖШС-на қарасты оқу орталығына келіп газелктрдәнекерлеуші мамандығын оқып жатырмын. Осы жерден алған білімім мен тәжірибемді ұштастырып, металл бұйымдарынан түрлі өнімдер жасау арқылы өз ісімді ашқым келеді, – дейді Тағтай Қымызбаев.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».



Biz және Biznes

"Syrboi" gazetiniñ arnaly/beti



ОН МЫҢ ТЕҢГЕДЕН БАСТАЛҒАН ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС

Қазалық Жадыра Беркинбаева қыз-келіншектердің көңіліне жағатын, көздің жауын алатын бұйымдар жасайды. Ол бұл жұмысты азғантай ақшамен бастағанын айтады.

– Төрт жылдан астам уақыт бұрын декреттік демалысқа шығып, біраз уақыт үйде отыруға тура келді. Үйің тірлігін түгендеп болғанын кейін босауың қалады. Соны текке өткізгім келген жоқ. Ойлана келе қолөнермен айналысуға ден қойдым, – дейді қазіргі кәсіпкер. Жадыраның бизнес бастауына күйеуінен алған он мың теңге жеткілікті болған. Оған таза асыл таңғар сатып алып, тапсырыспен адам аты жазылған білезіктер жасапты. Қызығушылықтан туған тірлік уақыт өте келе дөңгелеп, табыс көзіне айналды. Кәсіпкер келіншектің қасында екі көмекшісі бар. Олар желек (фата), шаш сәнділеуіш, гүл бумасы, алқа, білезіктер және тағы басқа кез келген дүниені дайындайды. Бұрын киілетін киімдерді әшекей тастармен көркейтіп, адам танымастық өзгертіп те береді. Сонымен қатар, фетрден кеудеше, сөмке, сәукеле, ламбрекен сияқты



небір киім-бұйым тігіп, көптің алғысына бөленіп жүр.

Жадыра жуырда фетр қиюға арналған лазерлі станок сатып алды. Құрылығ қыздардың жұмысын біраз жеңілдетті. Бұрын фетрден қажетті пішін дайындауға көп уақыт кететін әрі қайшы қолға күш түсіретін. Жаңа аппараттың көмегімен бұдан былай ойындағы пішінді компьютер арқылы қажет мөлшерде шығаруға болады. Жас кәсіпкер бізбен әңгімесінде жұмыс бастаған кездегі қиындықтарды күліп еске алды. Айтуынша, ең бірінші сәукелені тігу үшін бір апта уақытын сарп еткен. Қолы үйренгеннен кейін мұндай шаруаны екі-ақ күнде бітіретін болды. Жақында жергілікті би топтарының бірін арнап бір метрлік сәукеле тікті. Бұл ұзындық – әзірге Жадыраның кәсіп бастағаннан бергі рекорды.

Кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – психолог. Алайда, қолөнерге деген қызығушылығы оны ойламаған жерден басқа арнаға бұрып әкетті.

– Күйеуім де басқа салада жұмыс істейтін. Бірақ қазір менің жанымда. Осылайша отбасылық кәсіпті айналырып отырған жайымыз бар, – дейді қолөнер шебері.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы». Қазалы ауданынан.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы - «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылымдық бөлімі. Бизнесіміз қолдау және қорғау бойынша басты қоғамдық институт. Мақсат – аймақта кәсіпкерліктің өсуі мен одан әрі дамуы үшін институционалдық негіздерді қалыптастыру. Ал міндеті – кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ бизнестің жүйелі жүргізілуі үшін кәсіпкерлерді заңнамалық және өзге де нормативтік ережелерді қалыптасу процесіне кеңінен қатысуына жағдай жасау.

Осы уақытқа дейін палатаның қол жеткізген нәтижесі ретінде – облыстық әкімдікпен бірге бірнеше жолкарталарын жасап, кәсіпкерлікті, агроөнеркәсіпті дамытуға ерекше ықпал етіп отырғанын айтуға болады. Сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен ұсынылған 7 бастаманың жергілікті әкімдікпен бірге сәтті жүзеге асуына тікелей дәнекерлігін айрықша атап өту керек. Бұл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа төрағасы Тимур Құлыбаевтың жуырда облысқа жасаған сапарында сөз болды. Кездесуде облыстық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Ғалымбек Жақсылықов баяндап берген еді.

Сонымен, бұл бастамалардың алғашқы қатарында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен республикада бірінші болып толық форматты Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы құрылғанын айтуға болады. Кәсіпкерлерге қолжетімді болуы үшін жер телімдері мен инженерлік желілерге қатысты ақпараттар ресми интернет-ресурстарда орналастырылған. Атап айтқанда, облыс әкімдігінің сайтында Қызылорда қаласы мен 7 ауданның бас жоспары, түбегейлі жоспарлу жобасы көрсетілген. Мұнан өзге, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ауылдық елді мекендердің электронды картасын әзірледі. Карта демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, статистикалық және өзге де сипаттағы ақпараттармен қамтылған. Атап айтқанда, картаға шекарасы белгіленген әміршілік аумақтар, көше-жол топтары, ғимараттар, кәсіпкерлік нысандар, электр, газ, жылу, байланыс желілері мен су жүйелері туралы ақпараттар толықтай енгізілген. Ал барлық ақпараттар мемлекеттік органдар, сондай-ақ монополистік

мекемелермен ұсынылған мәліметтер негізінде өзектендіріліп отырады. Сондай-ақ, топографиялық және космо түсірілімдері 6 ай сайын жаңартылады.

Келесі кезекте «100 сауда орны» жобасы нәтижелі жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда Қызылорда қаласы әкімдігі тарапынан 70 жер телімі әрі қарай кәсіпкерлерге конкур негізінде беру үшін «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына берілді. Жоба басталғалы 20 жер телімі кәсіпкер айналысатын қызылордалықтарға табысталды.

Тағы бір жетістік – кәсіпкерлер үшін маңызды консультативтік-кеңесші органдар мүшелігінде бизнес өкілдерінің қатысуы 50 пайызды құрап отыр.

Азаматтарды жаппай кәсіпкерлікке тартуға палатамен қолға алынған «Бастау» жобасы айтарлықтай қозғау салып тұр. 2017 жылы пилоттық режимде өткен «Бастау» халық арасында үлкен суранысқа ие болған. Облыстың 5 ауданынан 937 адам оқып, жобаларын сәтті қорғап шықты. Нәтижесінде 358 қызылордалыққа барлығы 948 млн теңге несие беріліп, жанадан 394 жұмыс орны ашылды. Жобалардың басым бөлігі, яғни 268-і

керлікке тартуда палатамен қолға алынған «Бастау» жобасы айтарлықтай қозғау салып тұр. 2017 жылы пилоттық режимде өткен «Бастау» халық арасында үлкен суранысқа ие болған. Облыстың 5 ауданынан 937 адам оқып, жобаларын сәтті қорғап шықты. Нәтижесінде 358 қызылордалыққа барлығы 948 млн теңге несие беріліп, жанадан 394 жұмыс орны ашылды. Жобалардың басым бөлігі, яғни 268-і

ЖАҢА ЦЕХТА – ЕТ ӨНІМДЕРІ

Қызылорда қаласында ет өнімдерін өндіретін тағы бір заманауи «Смағұл» мал бордақылау алаңы іске қосылды. 300 миллион теңгелік жоба «Алтайбаев» ЖК есебінен жүзеге асырылып отыр. 3 мың шаршы метрлік цех тәулігіне 50 бас мал сою пункті мен 200 бас мал бордақылау алаңы бар.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру аясында ашылған өндіріс орны 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтығалы отыр. Нысанның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов пен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Қала әкімі бұған дейін де маңызды жобаларды жүзеге асырып, өңіріміздің экономикалық әлеуетін арттыруға үлес қосып жүрген жеке кәсіпкер Тағат Смағұлға алғысын жеткізді.

Соңғы жылдары қаланың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Оның ішінде Елбасының осы салаға жасаған зор қолдауы мен «Агроөнеркәсіп кешені» дамуының 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мал шаруашылығын өркендетуде өрелі істер мен тың жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, соңғы екі жылдың өзінде өндіріс пен мал шаруашылығын дамытуға тартылған қаржы көлемі 700 млн теңгеге жетті. Ауылдағы жұмыстардың арқасында, мал саны алдыңғы жылмен салыстырғанда

50 мың басқа артқан. Оның ішінде мүйізді ірі қара 114, жылқы 107 түйе 102, уақ мал 109-ы артып отыр. Қалада ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің саны 217-ге жетті. Оның ішінде мал бордақылаумен айналысатындары – 18. Осы жұмыстар арқасында ет өндіру 110 процентке жеткен. 2017-2018 жылдары ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы 495 млн 800 мың теңгеге ет және сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малын сатып алып, қазіргі таңда қала халқына қолжетімді бағада өз өнімдерін ұсынып келеді.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

Жүгеріден сусын дайындайтын Қасым Әбжаппаров жайлы бұрын да естіген болатынбыз. Кәсібінен нәсібін тапқан еңбекқор жанмен әңгімелесу үшін Кейден ауылына бардық. Кәсіп иесі шаруашылық басында жүгері суарып жүр екен. Ұялы телефонына хабарласқан едік, аз уақытта келетінін айтты. Жары Гүлзира алдымызға түйілген жүгеріден дайындалған салқын көже әкелді. Бұл үйдің балалары құрамында түрлі тәтті қоспалары бар сусындарды іздемейді де. Жүгері сусыны бәрінің орнын басып тұр. Іздеген кейіпкеріміз де көп кешікпей ортамызға қосылды. Ол әңгімесін әріден бастады. – Жүгері егу – бала кезден қол да, көз де үйренген кәсіп. Кейін дәмді түйетін құрылығ сатып

2018 – OBLYSTA «JAPPAI KASIPKERLIKTI QOLDAŪ JYLY»



ЕЛБАСЫ БАСТАМАСЫНА ҮН ҚОСУДЫҢ ҮЛГІСІ

Ауыл шаруашылығына қатысты. Биылғы жылы жобаға облыстың 7 ауданымен қоса, Төретам. Ақай ауылдары мен Байқоңыр. Қызылорда қаласының тұрғындары қатысу мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі таңда өңірлік орталық «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасын жүзеге асыруда облыстағы негізгі операторлардың бірі.

Палата жыл ішінде 1600 қызылордалықты оқытып, ең кемі 320 азаматтың жобасын қаржыландыруды көздеп отыр. Қазіргі таңда «Бастаудың» бірінші кезеңіне 291 қызылордалық қатысып, 1 ай көлемінде кәсіпкерлік саласындағы білімдерін жетілдірді. Осы қатысушылардың ішінде 262 азамат облыстық комиссия алдында жалпы құны 956 млн теңгелік бизнес-жоспарларын сәтті қорғап, жобаларын қаржы институттарына ұсынды.

Мұнан өзге, кәсіпкерлер палатасында суранысқа ие жобалардың бірі – «Бизнес-кеңесші» оқу курсы. Өткен жылдың өзінде «Бизнес-кеңесшінің» аясында 800 адамды оқыту міндеттемесін алса, іс жүзінде 1555 қызылордалықты оқытып шықты. Нәтижесінде 96 азамат өз ісін бастап кетті.

Жыл басталғалы 1283 адам оқыса, оның ішінде 758 қызылордалық облыстық әкімдік жариялаған инновациялық жобаларға арналған гранттарға қатысушылар. Қазірдің өзінде 1300 адам «Бизнес-кеңесшінің» оқуға кезекте тұр. Оқыған азаматтар арасында биылғы жылдың 4 айында 27 адамның жалпы құны 88,9 млн теңгені құрайтын жобалары қаржыландырылды. Жалпы жыл басынан бері палата кеңесшілері 544 азаматқа 1315 кезек беріп, 771 қызылордалыққа сервистік қызмет көрсетті.

Айта кету керек, сервистік қызметтердің ішінде бизнес-жоспар әзірлеу қызметі ерекше суранысқа ие. Жыл басынан палата қызметкерлерімен бірге 713 бизнес-жоспар әзірленген болса, аталған жоспардың 622-сі облыс әкімдігімен жарияланған инновациялық грант байқауы барысында әзірленген.

Палата сарапшылары агроөнеркәсіптік салада жұмыс жасайтын кәсіпкерлерге кедергі келтіріп отырған нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасаған болатын. Нәтижесінде, 2017 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының 7 ұсынысы ескеріліп, Ауыл шаруашылығы министрлігінің екі субсидиялық ережесіне және Ұлттық экономика министрлігінің бір ережесіне өзгерістер енгізілді. Айта кету керек, бұл ұсыныстар кәсіпкерлермен талқыланып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен бірге әзірленді. Бұл не өзгерістер және кәсіпкерлерге қандай тиімділігі бар? Палата төрағасы оның жай-жапсарын атап өтпек еді.

Бұрын Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы саласын субсидиялау қағидатына сәйкес өңірлердің климаттық ерекшеліктері ескерілмей, жалпы талап қойылып келген болатын. Яғни, қағидада 1000 бастан асатын бордақылау алаңдарында жылден қорғаныс құрылғысы мен жылтықшы бар астаулар қою міндеттелген. Бірақ бұл талаптар өңтүстік өңірлердегі кәсіпкерлер үшін артық әрі негізсіз шығын болатын. Палатаның ұсынысы негізінде 2017 жылдың 27 қаңтарында Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына өзгерістер енгізіліп, өңтүстік өңірлер үшін бұл талаптар

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».



ЖАҢА ҚОРҒАННЫҢ ЖҮГЕРІ СУСЫНЫ

Жүгеріден сусын дайындайтын Қасым Әбжаппаров жайлы бұрын да естіген болатынбыз. Кәсібінен нәсібін тапқан еңбекқор жанмен әңгімелесу үшін Кейден ауылына бардық. Кәсіп иесі шаруашылық басында жүгері суарып жүр екен. Ұялы телефонына хабарласқан едік, аз уақытта келетінін айтты. Жары Гүлзира алдымызға түйілген жүгеріден дайындалған салқын көже әкелді. Бұл үйдің балалары құрамында түрлі тәтті қоспалары бар сусындарды іздемейді де. Жүгері сусыны бәрінің орнын басып тұр. Іздеген кейіпкеріміз де көп кешікпей ортамызға қосылды. Ол әңгімесін әріден бастады. – Жүгері егу – бала кезден қол да, көз де үйренген кәсіп. Кейін дәмді түйетін құрылығ сатып



алдық. Ауыл тұрғындарының еккен жүгерісін алып, оны түйіп сауда орталықтарына өткіздік. Уақыт өте келе ісіміз жандана түсті. Бір күні

бастадым. Шаруаға екі інім қолғабыс етті. Сонан кәсіп өріс ала бастады, – дейді Қасым.

Аядай ғана ауылдың тіршілік көзі – мал мен егін. Соның ішінде жүгері өсірумен айналысады. Жылда 100 гектар жерге жүгері дақылғы себеледі. Суды да аса қажет ете бермейтін дақылдың пайдасы зор. Ізденгіш Қасым өткен жылы жүгеріден сусын дайындады. Бұл бастама біраз зерттелді. Құрамын тексерген Тағамдану академиясы оң бағасын берді. Ойы қолдау тапқан кәсіпкер 2017 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына қатысып, гранттық жоба жеңіп алды. Берілген қаржыға үлкен екі қазан мен сыртқы қорабын дайындайтын құрылғыны алды. Жаңа ғимарат та дайын тұр.

– Бұған дейін сусынды 1 литр етіп шығарған едік. Бірақ ол тиімсіз болып отыр. Себебі сыртқы қорабы

қымбатқа түседі. Сондықтан жарты литр мөлшерде дайындауды қолға алдық. Бір жағынан ұстап жүруге ыңғайлы. Сыртқы «Қаусар» деген жазуы бар қаптамасын Алматы қаласында жасатамыз. Онда сапалы дайындайды, – дейді кәсіпкер.

Егер сураныс болып жатса, жүгері сусынын еліміздің барлық аймағына таратуға болады. Енді Қасым қауын, қарбыз сусынын шығаруды да жоспарлап отыр.

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай қарастырылып келеді. Ауылда тұратын кәсіп иелерін де қолдайды, қайтарымсыз грант, жеңілдетілген несие ұсынады. Бұл жағынан біздің облыс көш басында тұр. Демек, Қасым секілді ынталы азаматтар талай кәсіптің көзін ашары сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Ербек Ери



Исатай аға жайлы бұрын да жазғанмын. Кезінде ол мақалалар «Халық», «Сыр бойы» газеттерінде жарық көрді. «Енді не айтпақ едіңіз» дегендерге жауабым, ұлыларды ұлықтау үшін оның рухани зертханасына үніле тусу керек. 95 жасқа толатын Исатай аға жайлы жастар үшін айта алмаған дүниелерде баршылық екен. Бізден кейін де аға жайлы айтыла берер, бірақ өзім түйсінген көп қырларының біріне ғана – қарапайымдылығы мен қайырымдылығына тоқталайын деген оймен қолыма қалам алдым. Оның үстіне талайлардың қыршын өмірін қиып кеткен, кешегі Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, полктің политругі болған, екі рет артынан «қара қағаз» келген, запастағы полковник біреудің жалғыз ұлы Исатай аға жайлы неге айтпасқа!

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ИСАТАЙ ӘБДІКӘРІМОВТИҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

1923 жылдың 15 мамырында Жаңақорған ауданының «Өзгерт» ауылдық кеңесінде дүниеге келген Исатай Әбдікәрімов Қызылорда педагогикалық институтын, КПСС Орталық комитетінің Жоғары партия мектебін, Гидротехникумды, Ауылшаруашылық институтын тәмамдаған. Сөйтіп, оқытушы, партия қызметкері, техник-гидротехник, ауыл шаруашылығы мамандықтарын иеленген үлкен жүректі, еліне ерен қызмет еткен қоғам қайраткері.

Жұбайы Үмігүлісім Мамбетқазымен өмірге бес перзент әкеліп, көптеген немерелерінің қызығын көріп өткен ұлықты ұл, жігерлі жігіт, адал жар, ардақты әке, атпал азамат, елдің құрметтісі, қазыналы қарт болатын. Еңбек жолын «Екпінді» газетінен бастаған ол 1941-1945 жылдары әскери мамандықты меңгеріп, полктің партия ұйымын басқарады. Жауапкершілігі мен жоғары білімін, біліктілігін бірінші кезекке қойған соғыс жылдарындағы мол тәжірибесін жинақтаған Исатай аға елге оралысымен саралы, салиқалы партия жұмысына араласады. Облысымыздың Шиелі, Қармақшы, Жалағаш аудандарын басқарып, 1972-1978 жылдары Қызылорда облыстық партия ұйымының І-ші хатшысы, келесі жылы Республиканың Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы лауазымында болады.

КСРО және Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің бірнеше рет депутаты болуы, Социалистік Еңбек Ері атағын алуы, көптеген дәрежелі марапаттарға ие болуы, оның қызметтерінің аясының тек Қазақстан шеңберінде қалмай, әлемдік деңгейге көтерілуіне ықпал еткендігі сөзсіз.

Басты тақырыбымыздан ауытқымау үшін Исекеңнің қарапайымдылығы мен қайырымдылығына оралайық. Осы бір көп пенделерде кездесе бермейтін қасиеттердің негізі жоқшылықтан өткен ағаның балалық шағынан бастау алатынына бек сенімдімін. Екесімен бірге шығыр айдап, қауын, тары, бидай егіп, оларды сақпаппен қорғап, ашы терімен өзін-өзін шынықтырған еңбегі жатса керек. Кепе, қараша үйі, қора-қопсы сияқты қарабайыр қазақтың көшпенді өмірінен біте қайнасқан отпадан шыққан ол ғасырлар қойнауына кетіп бара жатқан, бірақ өзі қимайтын сол бір өткен кезеңді өмірі естен шығарған емес.

Енді Исатай ағаның жоғарыда аталған үш аудандағы қызмет бабындағы таңғаларлықтай қарапайымдылығы мен қайырымдылығына зер салып көрейік. Үмігүлісім апамыз естелігінде: «Ол қалада ішіп-жеген тамағынан егіннің қосына барып шетінен сындырып жейтін таба нанды, кесеге асығыс-үсігіс құйып беретін айранды артық көруші еді», – деп еске алады.

Сондай-ақ, Шиеліде басты кезінде жол жиегіндегі кепеге тоқтай қалып, қауын егіп отырған диханның кепесіне кіріп, құйып берген айранға түсіп кеткен шыбынды саусағымен қағып жіберіп, аяғына дейін сіміре ішкенін айтады. Оны ерсі көрген Үмігүлісім апаға: «Әй, Мәке, мынау жазық, тап-таза далада ауру тарататын шыбын қайдан жүрсін? Сырдың шыбынына дейін таза емес пе?», – деген сөзі туған топырағына шын көңілін байқатады.

Шиеліде І-ші хатшы кезінде Қонысбек Қазантаев ауатком төрағасы, ал Ғафур Мұхамеджановтың орынбасары болыпты. Исекең еңбек адамдарымен сөйлескенде өте қарапайым тілмен, оны өзін тартатын отырып тапсырманы да дәнімен береді екен.

«Әйтеуір шаруа адамын көргенде Исекеңнің көңілі елден ерекше елжіреп тұрады. Қораны аралап жүрміз. «Шамалы шаруа бар екен, ақсақал. Қораның табанындағы қиды алып тастау керек екен. Өзіңіз де біліп тұрсыз ғой», – дейді Исекең. Бір жағынан есерту жасап, екінші жағынан шопанды демеп, оның еңбекке қарымын қайрап өтеді.

1959 жылдары Шиелі шаруашылықтарында шошқа өсіру мәселесі бірінші кезекке шыққанда, аудандағы Хан Леонтий басқаратын «Гигант» колхозында ғана шошқа өсірілетін. Сол жылы Исатай аға арнайы семинар ұйымдастырды. Доңыз деп аталатын бұл жануардан оның мұңкіген ісінен қатысушылардың біразы мұрындарын басып, алды лоқсып жатқанда, тек Исекең ғана шошқа өсіруші кәріс қызы Эльвирамен емін-еркін сөйлесіп, онымен пікір алды. Соңында шошқадан жиіренгендерге Исекең: «Арамызда

кәрістің бір әйелі болмаса, сол шошқаны сендерге баққызар еді ғой үкімет. Одан да Эльвираға рахмет айтпайсыңдар ма? Эльвираның істеген еңбегі адал емес пе?» – дегенде бәріміз ұялғандай болдық деп, еске алады Ғафур Мұхамеджанов.

Облыстың бірінші хатшысы Мұхамедқали Сужиковтің кезінде Шиелі ауданын басқарған Исатай Әбдікәрімовтің қарапайымдылығының сансыз куәсі болған Ғафур ағаның естеліктері ерекше. Бірде облыстан келген уәкілдермен шопандарды аралап, әбден шаршап бір үйге түскенде, қазанға ет салып жатқан шопанның әйелін көрген уәкілдер сыртқа шығып кетеді. Сонда үй иесінің көңілін қимаған Исекең өзі сұрап айран ішіп, асығыс екендіктерін айтып, қайтарда соғатындықтарын ескертіп, уәкілдерімен шаруашылықты аралап кете барады. Қайтарларында әбден ашыққан уәкілдермен түндегі қойшының үйіне соғып, сойылған қойдың етін басымен үйден алып шығып тойғандарына жетіседі. Осы жайлы Исатай аға: «Еңбек адамдарының алдында ұятқа қалмағаным шүкіршілік айтып, ығымынан ауыр жүк түскендей «үһ» деп демімді бір алдым. Дастарханға ақ жарылып ас қойған қойшының алдында уәкілдер ұятқа қалдыра жаздады», – деп тебірене жазыпты. Иә, құдайдың бір аты халық деген ұстанымды ұран еткен Исекең ағаның жарылатын қарапайым қойшының, оның еңбегін жоғары қойып отыр.

Шиеліден Исатай аға Қармақшы ауданына басшылыққа (1962-1965 ж.ж.) ауысады. Сол жылдары Д.А.Қонаев келіп, ауданды аралап, жоғары көрсеткіштеріне дән риза болып аттанады. Жоғарғы лауазымды басшылармен сөйлесе жүріп, аудан басшысы мал жайылымын Қарақұмнан Қарсақпай даласына дейін кеңейтеді.

Қым-қуыт шаруалары болса да ол балалы аналардың жағдайына ерекше мән беретін. Бірде босанғалы жатқан анаға дәрігерлер тарапынан тиісті жәрдем болмағанын білген Исекең аудандағы шаруашылық басшыларын түзел жинап, әйелге, анаға деген құрметтің, қажетті қызметтің барынша тиімді жасалуын қатаң ескертеді. «Бәрің де әйелден тудыңдар» дегенді намыстарына тие сөйлеп, ұялтқан екен.

Бірде Исекең «Мәдениет» кеңшарында күршіт аралаудың қызығына түсіп, күннің ауып кеткенін де байқамайды. Машында канистрдағы су да таусылған. Шөл алып барады. Күршіт жиегіндегі күркеге көзі түсіп жақындаса, төрт күн бойы егістік басында қонған диханға кезігеді. Ол да азық-түлігін таусып отыр екен. Исекең жаптан бір шелек су алдырып қайнатып, диханның қалтасынан шыққан бір шөкім шайды салып демдеп, табылған бір түйір құртты үшке бөліп қара терге түсіп шай ішеді. Осы бір сәтті: «Айдалада отырып қара шелекке қайнатып ішкен шайға ештеңе жетпей жүр ғой. Жалағаштың сол алқабы орнында, сол күршіт Қарақостың қасында аман жүрсе, қазір-ақ барар едім. Қара шелекке қайнатып шайын сораптап отырып ішер едім-ау. Кім қалды деісің», – деп сағынышпен еске алыпты.

Жалағаш аудандық газетінің көп жыл редакторы болған Қален Әбдешовтің естеліктері өте тартымды. Исекең бірде оған звандап, алыстағы мал жайылымдағы алты перзенттің анасы қатты аурып қалғанын, соған санитарлық самолет шақыруды тапсырады. Оны орындағаннан кейін ауруханадағы анаға күнде барып, қажетті заттарын апарып тұруды да жүктейді. Бір айдан кейін сауығып шыққан көпбалалы ананы алыстағы Қарақұм қойнауындағы қойшы күйеуіне табыстауды да орындағандарын еске алады. Редактордың орынбасары Сағындық Баймахановтың ағасы Ермаханның отбасынан жеті күршіт шығыпты. 70-тен асқан сол кісі ауданға келе редакцияға соғып, қайтарында редакцияның машинасын сұрап, мініп кетеді екен. Бір келгенде редактор машинасын бермейді. Оған ерегіскендей Ермахан аға Исекеңнің «Волгасын» сұрап мініп, редактордың машинасын басып озып, қыр көрсетіп кетеді. Мұның өзі азаматтықтың бір белгісі.

Исекеңнің кеңдігін дәлелдейтін мына бір факторлар еріксіз езу тартқызады. Жалағаштағы сауыншы Шырынкүл Селбесінова мен КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н.Косыгин Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа

тіркеліп, екеуінің суреті мен өмірбаяны аудандық газетке жарияланады. Кімнен кеткен қателік екені белгісіз олардың лауазымдары ауысып, А.Н.Косыгиннің суретінің астына «Коммунизм» совхозының озат сауыншысы, Шырынкүлдің суретінің астына КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы деп жазылып, 35 мың дана газет таратылып кетеді. Сол кездегі саяси өлшеммен таразылағанда, бұл – үлкен жауапқа тартылып кететін қателік. Редактор Қален аға: «Исеке, білмеймін. Қателік менен болды. Басқа айтарым жоқ. Кеңестік дүниені «қиратып», Министрлер Кеңесіне Селбесінованы «тайғайндап» келіп отырмын», – дейді ғой.

Исекең ашуланудың орнына біраз күліп, бұл қателікке өзін де қоса сөйлеп, дереу апараткомның бюросын шақырады. Сөйтіп газеттің дұрыс жазылған нұсқасын шығаруға шешім қабылдап, мәселені айқай-шусыз шешеді.

Қасиетті Жалағаш жерінен Исатай аға жоғарылап, Қызылорда обком партиясының бірінші хатшылығына сайланып, алты жылдан аса (1972-1978 ж.ж.) облысқа басшылық етті.

Әкем өмірі: «Балам, көзбен көріп, құлағыңмен естігенді ғана айт» деп отыратын. Ендігі әңгімем әкемің осы бір өлшемді өсиетіне келетіндей. Жарты ғасырдай бірге өмір кешкен жұбайым Жақсыбек Жомартқызының ағасы Шора аудандық «Бытқомбинатта» жүргізіліп болатын. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасы. Менің пединститутқа Аралбай ағаның ақылымен оқытушылық қызметке келген кезім. Түсте жұмыстан келсем Жалағаштан жүк машинасымен ат басын үйге тіреген Шора қайынағам отыр екен. Негізгі жұмысы – Исекеңе кіріп, мотоцикл сұрау. Менен өтініші сол кісіге жолықтыру. Қайдан білсін сол кездегі жалғыз ЖОО оқытушысының қолынан бәрі келеді деп ойласа керек. Бірден обкомға кіркем түгілі, маңайынан жүре алмайтындымы айтып жұмысыма кеттім. Кешке келсем қайынағамның жағасы жайлауда, мені асыға күтіп отыр екен. Сөйтсем, обкомға өзі барған, Жалағаштан келгенін, кім екенін айтқан. Кезекшілер Исекеңе жеткізе, жіберіңдер келе берсін депті. Қайынағам елдің амандығын, көз көргендерінің денсаулықтарын білгеннен кейін шаруасын сұрайды. Бірден аудандық атқару комитетінің төрағасы Мұқашев Сейітнәбиеге звандап, Шора Жомартұлына қоймада тұрған мотоциклдерді біреуін беруді тапсырып, мәселенің өзінің жеке бақылауында болатынын айтады. Қайынағамның жағасы жайлауға кетіп отырғаны осы екен. Көп ұзамай мотоцикл де алынды. Осыдан кейін ағаның қарапайымдылығы мен қайырымдылығына шүбә келтіруге бола ма? Ал менің қайынағам осы кезге дейін осы бір бақытты сәтін айтудан жалыққан емес.

Ағаны жоғары билікке тарту инициативасы Д.А.Қонаевтан басталғаны Исатай аға кітабында былай деп жазыпты: «...Алматыға қызмет ауыстыру мәселесін сөз қылғанда үндей алмай қалдым. Байқаймын, көңілім астананы қаламайды. Сондықтан:

- Димеке, көрсеткен сеніміңізге ризамын. Жасым болса біразға келіп қалып еді, әрі бала-шағалы адаммын. Енді қоныс аудармай-ақ қойсам деп едім. Сіздің маған жасаған кеңшілігіңіз сол болсын», – дедім.

- Жарайды... – Димекең келіскендей сыңай танытты. Алайда, Л.И.Брежневтің тағы бір «Целина» деген кітабын орталық комитетте талқылайтын желтоқсан айы кезінде Д.Қонаев маған «Алматыға келесің» деген сөзін нықтап айтты.

«Тәуекел» дедім мен де іштей. Ағамыздың ықыласы шындап құлаған екен. Енді сырғанақтап қашқаным келісімсіз көрінер. Сөйтіп, Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағалығына сайландым.

Бұл лауазымды қызметті бір жыл атқарған уақытта облысымызда тұратын 238 ана «Ардақты ана» атағымен, ордендермен марапатталыпты. Осы кезеңде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының ұказдарымен жазушылар: Қалтай Мұхамеджанов «Халықтар достығы», Әбілда Тәжібаев «Октябрь революциясы», облыстық «Ленин жолы» газеті «Құрмет белгісі» ордендерін иеленді. Облысымыздың 15 азаматы сол кездегі Қазақстанның Жоғары наградалы – Қаз ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталыпты.

Иә, өмір иірмдері Исатай ағаны айналып өткен жоқ. Халық арасында қарапайымдылық пен қайырымдылықтың қаһарманы атанды. Қуанышқа шаттанды, қиындыққа мойымады. Өз өсиетімен бабалары жатқан қасиетті топырағында қалды.

Бұл да ұлықтауға тұратын ұлықты емес пе?!

Қ. ҚУДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ-дың профессоры.

ҰЛТ КӨГІНДЕ ӨШПЕСТЕЙ ІЗІ ҚАЛҒАН



Шығыс жастарының көсемі атанған Фани Мұратбаев қасиетті Қазалы топырағында, қазіргі Фани Мұратбаев ауылында Мұратбай болыстың шаңырағында 1902 жылы 3 маусымда дүниеге келді. Төрт жасында әкесінен жетім қалған Фаниды анасы Бәтима Қазалы қаласына әкеліп, орыс-түзем мектебіне оқуға береді. Одан кейін, 1914-1916 жылдары бастауыш училищесіне оқиды. 1916 жылы 14 жасында анасы Бәтима дүниеден озып, әкесінің інісі Салықбайдың қолында тәрбиеленеді. Ағасы Салықбай Фаниға «Теміржолшы отбасынан» деген анықтамалық беріп, Фани сол анықтамалықпен Ташкенттегі Финкельштейн атындағы қазақ-қырғыз педагогикалық училищесіне оқуға түседі (Бұл училище 1920 жылдан Халық ағарту институты болды). Білімге құштар Фани 1919 жылы жастар ұйымына мүшелікке қабылданып, содан бастап жалынды дағды жастар ұйымымен үнемі тығыз байланыста өтті. Сол кезеңде саяси сана-сезімі де, өмірге көзқарасы да көп жастардан озық Ф.Мұратбаев комсомолдың алдығы қатарлы белсенді мүшесі, жастар жұмысын үлгілі ұйымдастырушылардың бірі болды.

1920 жылы Фани Верный-да педагогикалық курста сабақ берді. Ол сонымен қатар жастар арасындағы жұмыстарды жүргізуге де атсалысты. 1921 жылы Түркістан комсомолы Орталық Комитеті бюросының төрағасы болып сайланды. Осы кезде ол Түркістан комсомолының өкілі ретінде Орынбор қаласында өткен Қазақстан комсомолының бірінші съезіне қатысады. Сонымен бірге жастарды оқыту, тәрбиелеу,

Интернациональның IV конгресінде КИМ-нің атқару комитетінің президиум мүшелігіне сайланып, шығыс елдері жастары бөлімінің меңгерушісі болады.

1923 жылы Фани Мұратбаев ауыр науқасқа шалдығып, сол науқастан 1925 жылы 15 сәуірде Мәскеуде көз жұмды.

Фани өз заманының тілін біліп, уақыт толқынына ілесіп білген асқақ ойлы, өр кеуделі өрен еді. Бар-жоғы 23 жыл ғана өмір сүрсе де елдің жоғын жоқтап, өшпес өнегелі із қалдырды. Осындай асыл перзентін туған халқы ешқашан ұмытпақ емес.

Күншығыс жастарының жалынды ұйымдастырушысы атанған даңқты жерлесіміз



жылдың мамыр айынан бастап мүшесі және хатшысы етіп сайлады. Орта Азия бюросы мүшелерінің бірі болып Бұхара, Хорезм республикасындағы жастар ұйымдарына қамқорлық көрсететін комиссия төрағасының міндетін атқарғанын, бұл тарапта Орта Азия

Фани Мұратбаевтың өмірі мен атқарған қызметіне байланысты 1968 жылы 7 қарашада Қызылорда облысы, Қазалы аудандық Кеңесінің шешімімен музей ашылды.

Музей Фанидың жалынды істерімен жарқын жолын ілгері жеткізіп, жас ұрпақ бойна патриоттық тәрбие беру мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырып келеді.

Жыл сайын Фанидың туған күнінде «Мәңгілік шырқар жырымын» атты дәстүрлі жас ақындар мүшарасы мен кіші футбол жарысы ұйымдастырылады.

2016 жылдан бастап музей жанынан белсенді, өнерлі, озат оқушылардан құралған «Жас ғаниатушылар» үйірмесі, сонымен қатар, үш буын (ардагерлер, өлетанушылар – музей қызметкерлері, оқушылар) өкілдерінен құралған «Өнеге» бірлестігі жұмыс жасайды. Фани есімін жастар арасында мәңгілік қалдыру мақсатында ұйымдастырылған дәстүрлі «Фани Мұратбаев» атындағы облыстық, республикалық жастар сыйлығының тағайындалуы – жастарға үлкен жауапкершілік пен сенімділік артады.

Ауданға ат басын тіреген қонақтар мен отау құрған жас жүйелердің, әскерге шақырылған жастардың бас иіп, рухына тағзым ететін қастерлі орыны – Фанидың жартығасырлық тарихы бар музейі.

Фани Мұратбаев – адамзат баласының санғасырлық тарихындағы саяси дүрбелеңге толы кезеңде дүниеге келіп, асқақ арман, мұбарак мұраттар отын арманшыл көкірегінде жағып өткен, таңда туған шопандай қазақтың көңіне із тастап ағып өткен қыршын жан, қайраткер туғла, дара есім, даңқты болмыс иесі.

Алтынай ЖАДЫРАСЫНОВА,
Фани Мұратбаев
мемориалдық музейінің
ғылыми қызметкері.

олардың арасында заман талап еткен жұмыстарды жолға қою мақсатында қызмет етті. Ауыл жастарының көзін ашу, ұйымға тарту, сауатсыздықты жою, ауыл шаруашылығын жақсартып, ірі өндірісті күшейту жұмыстарын жолға қойды.

еңбекші жастары арасындағы қозғалысты дамытудағы зор үлесі үшін Хорезм Республикасы Ф.Мұратбаевты «Қызыл Еңбек» орденімен марапаттады. 1924 жылдың қыркүйек айынан өмірінің соңына дейін Коммунистік Жастар

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ғашықтық эпостар – сан ғасырлар бойы халқымыздың эстетикалық құрылымын өтеп, рухани шөлін қандырған ғажайып мұра. Жуырда Жаңақорған ауданы Жайылма ауылындағы №195 орта мектепте «Ғашықтық жырлардағы ұлттық құндылықтар» тақырыбында мектеп мұғалімдері арасындағы облыстық байқау өткізілді.

Интеллектуалдық байқау аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығы мен Қорқыт ата атындағы ҚМУ мамандарының және Жаңақорған аудандық білім бөлімі өкілдерінің жан-жақты қолдауымен жүзеге асты. Облыстық байқаудың шымдылығын ашқан аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Мейіргүл Мұхтарұлы Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында осы уақыт аралығында атқарылған мәдени-ағартушылық шараларды саралай келе, байырғы қазақ эпостарының өскелең ұрпаққа берер тағылымын, облыстық байқаудың ұлттық құндылықтарды насихаттау, дәріптеу бағытындағы маңызына назар аударды. Байқаудың бекітілген ережесі сай өтуін Қорқыт ата атындағы ҚМУ доценті, ф.ғ.к. А.Итбаева, Аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі, ф.ғ.к. С.Қосан, «Жаңақорған тынысы» газетінің бас редакторы Н.Байкеленге бастаған қазылар алқасы қадағалап отырды. Сонымен бірге байқаудың жоғары деңгейде әрі қызықты ұйымдастырылуына аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі,

п.ғ.к. Ә.Әбдіқалиқова, Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессор-оқытушылары Д.Сәтбай, Р.Диуанова, З.Баекеева, Н.Ерболатов сынды ғалымдар белсене атсалысты. Мәдени шара барысында аудандар мен Қызылорда қаласынан келген 6 шығармашылық топ жұртшылық алдында өзара сынға түсіп, қазақтың ғашықтық эпостарын қаншалықты терең білетіндіктерін көрсетуге тырысты. Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар көрсеткендер мен қазылар алқасын өздерінің «Жай тастап, құлашымды кең саламын» атты қолөнер көрмесімен таныстырды. Көрмені тамашалау барысында Қармақшы ауданынан келген еңбек пенінің мұғалімі Гүлнәр Алмағамбетованың голбелен жанрындағы кестелеу жұмыстары қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланып, облыстық білім басқармасының Алғыс хатына ие болды. Жалпы, аудан мектептерінің еңбек сабақтарында ұлттық бейнелеу, қолөнер түрлерін, оның ішінде әсіресе, кесте тігу өнерін дамытуға, ұмыт бола жаздаған ұлттық нақыштарды қайта жаңғыртуға ерекше ұмтылыстың бары қуантты. Мәдени-рухани құндылықтарымызды ұлттық

дәстүр аясында бейнелеуге талпынудың жарқын үлгілері Жалағаш, Қазалы, Шиелі аудандары көрмеге қойған алуан түрлі экспонаттардан да көрініс тапқан.

Байқаудың негізгі бөлігі «Өзін-өзі таныстырудан» басталып, екінші кезеңде «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырлары бойынша танымдық сұрақтарға негізделген интеллектуалдық білім сайысы, үшінші кезеңде жырдан үзінді оқу, театрландырылған шағын көрініс қою, т.б. өнер сайысы өткізілді. Ғашықтық жырлардың өз бойындағы ұлттық дәстүр мен тәлім-тәрбие көріністерін ұлықтауға арналған облыстық мұғалімдер байқауының соңы Жайылма ауылы №195 орта мектебі өнерпаздарының концертіне ұласты. Тартысты өткен білім бөлімінің қорытындысы бойынша І орынды Жалағаш ауданы, ІІ орынды Қазалы ауданы, ІІІ орынды Жаңақорған және Қармақшы ауданы бөлісті. Ғашықтық эпостардағы ұлттық құндылықтар тақырыбын зерделеуге арналған білім сайысына қазақ тілі мен әдебиетінің негізін гөрі өзге мамандық иелерінің көбірек әрі белсенді қатысуы осы байқаудың басты ерекшелігі болды десек, қателеспейміз.

Атап айтқанда, Қызылорда қаласынан келген математика пәнінің мұғалімі Ержан Әбдиев, бастауыш сынып оқытушылары: Айгерім Ідгірсова, Вота Шораева, Қармақшы ауданынан қатысқан

дене шынықтыру пәнінің мұнағалімі Сұғат Мырзабеков, жаңақорғандық тарих пәнінің оқытушысы Әлібек Бердікеев, Жалағаштан келген технология пәнінің оқытушысы Шұғыла Дүйсебаева, математик Айгүл Әбдіхалықова, бастауыш мектеп мұғалімі Құралы Мамзадаева-лат, ғашықтық эпос тақырыбын тіл әдебиет мамандарынан кем білмейтіндігін көрсетіп, өз қабілеттерін жан-жақты танытты.

Білім сайысын облыстық танымал педагог-ғалым, аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығы тәрбие және білім бөлімінің меңгерушісі Ә.Әбдіхалықова қорытындылады. Спикер өз сөзінде бүгінгі Қазақстанда орын алып отырған «ғашықтар мәселесіне» тоқталып өтті. Жыл сайын елімізде отау құрған жас отбасылардың 47%-і ажырасып кетеді екен. «Осының түпкі себебі неде?» дейтін маңызды сауалды жауабын іздеген ұстаз ғашықтық жырлардағы махаббат сезімі мен ұлттық дәстүрдің қаншалықты шынайы үйлесім таба алғандығына назар аударды. Тәжірибелі педагог-ғалым алдағы уақытта осы тектес мәселелер орта білім мекемелерінде терең талқыға түсетін маңызды зор тақырып екендігін қадағалады.

Серікбай ҚОСАН, аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ТӨТЕ ЖОЛ

Еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көңілге қонымды біршама ұзақ және қысқа мерзімді жұмыстар атқарылып жатыр. Сол жұмыстардың бірі және бірегейі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру болып табылады.

Тарих беттерін парақтар болсақ, қазақ даласында бірнеше алфавит қолданыста болғанын көреміз. Ол әліпбилердің өз заманында біздің тіліміздің тарихына қалай әсер етті, оны мен маңызды болғанына ешкімнің таласы болмасын хақ. Араб әліпбиінің қолданылуы қазіргі Қазақстан мен Орта Азияға ислам дінінің таралуымен тікелей байланысты болуы да заңды құбылыс еді.

ХХ ғасырдың басында қазақ даласында араб қаріптері негізінде Ахмет Байтұрсынұв жасаған әліпбиі шықты. Ел арасында «төте жазу» атанған бұл әліпбиі 1912-1929 жылдар арасында қолданыста болғаны белгілі. 28 қаріптен тұратын бұл алфавит негізінде қазақ зиялылары ел болашағы хақында ой тербеп, ақын-жазушыларымыздың тағымал шығармалары жарық көрді.

Қазақ даласы мен Орта Азияға Кеңес үкіметінің келуінен біршама реформалар жүргізіліп, Кеңес Одағы құрамына кірген Орта Азия елдері арасында «мәдени революция» жасамақ идеяны ұстанды. Осы негізде араб әліпбиінен латын графикасына көшіру идеясын 1922 жылы сол кездегі Кеңестік билік көсемі В.И. Ленин ұсынған. Оның пайымдауына «Жаңа әліпбиді енгізу Шығыстағы революция» болуы керек еді.

1926 жылы Әзірбайжанда бірінші жалпыодақтық туркологтар съезі өтіп, онда Кеңес Одағы құрамындағы түркі халықтарының әліпбилерін латынға көшіру мәселелері қызу талқыланды. Соның нәтижесінде 1929 жылдың 7 тамызы күні КСРО Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен біріншайланған жаңа түркі алфавиті қабылданды. Оған дейін қазақ даласында латын қаріп негізіндегі жаңа алфавиттің нұсқаларын қалың бұқара мен лингвист-ғалымдардың қызу талқылаулары жүрді. Нәтижесінде ресми авторлары Құдайбергелен Жұбанов пен Сарен Аманжолов болып табылатын қазақ тілінің жаңа латын әліпбиі қабылданды.

Бұл әліпбиі ресми түрде 1929-1940 жылдар аралығында қолданыста болды. 1940 жылы 13 қараша күні «Қазақ жазбасын латыннан орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавит-



ке көшіру туралы» заң қабылданды. Бұл негізінде елді орыстандыруға бағытталған саяси шешім болатын. Ол алфавитке орыс тіліндегі барлық дыбыстар мен әріптер өзгеріссіз көшіріліп, соның нәтижесінде қазақ тіліне тән емес дыбыстар енді, ал алфавиттегі әріптер саны 42-ге жетті.

Біздің ана тіліміздің шұбарлануы, тіл тазалығының бұзылуы осы кезеңнен бастау алды десек, еш қателеспейміз. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің басты мақсаттарының бірі де осы орыс графикасымен бірге туған тілге шұбырып енген бөгде дыбыстардан арылу болып табылады.

Бұл бағытта, яғни латын графикасы негізінде қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасақтау мақсатында Елбасының Жарлығымен Ұлттық комиссия құрылып, оның құрамына тіл мен IT-технология мамандары енді. Жаңа әліпбидің нұсқалары қалың бұқараның талқысына салынды. Нәтижесінде 2017 жылдың қараша айында қазақ тілінің жаңа әліпбиінің 32 әріптен тұратын нұсқасы бекітілді. Кейінірек, яғни 2018 жылдың ақпан айында ол нұсқаға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы. Бұл қазақ тілін жаңғырттып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттық тіліне айналдырады.

Қазақ тілін латын алфавитіне көшіргеннен не ұтамыз деген сауалға оның толық жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшуден ұлттық ұратын тұстары көп. Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын

әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарды. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріруге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуге мол мүмкіндіктер туары анық.

Ең бастысы, саясаткерлер мен ғалымдарымыздың осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ел дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікіріне құлақ асып, оның тиімді тұстарын дәлелдеудегі көзқарастарын қолдауымыз қажет.

Жалпы жаңа әліпби қазақ тілінің жаңарып қайта түлеуіне тың серпін береді. Қазақ тілінің өзіндік табиғатына сай дамуын қалпына келтіреді деген сеніммен қарап, осы бағыттағы жұмыстарға атсалысып, қолдау білдіргеніміз абзал.

Ләззат ПРКАУОВА, №23 Ж.Қізатов атындағы мектеп-лицей директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары.

Кредитпен қалай ақша табуға болады?

Қазақстандықтар банктерден көптен бері армандаған пәтер, көлік, техника, демалыс және т.б. үшін жиі қарыз алуға. Алайда, қалағаны қолына тиіс салысымен алғашқы салымның уақыты келіп жетеді, шығындар тұрала ауыр ойлар және қарызбен моральдық қанағаттанбаушылық туғыдай бастайды. «Біреудің аласын, өзіндік бересін» деген бұрыннан келе жатқан даналық бар, ол банктік қарызды алғаннан бастап сезінген қуаныш тез ұмытылатынын түсіндіреді. Ал біз кезекті кредит сіздің өміріңізге жеңілдік және қосымша табыс әкелетіні туралы айттық береміз!

Егер сіз банктердің қызметін пайдалансаңыз, онда банктер мерзімді түрде өз клиенттері арасында ұтыс ойындар өткізетінін байқаған боларсыздар. Осылайша, жоллама, техника немесе тағы жақсы бір нәрсе ұтып алуға болады. Ал өзінің тоғызыншы туылған күнін атап өтіп жатқан Банк ВТБ (Қазақстан) өз клиенттеріне ақша сыйлауды шешті! Өйткені, қалай болса да, ақша – ең қалауы сыйлық, әсіресе кредитті бар адамға.

Сонымен, егер Сіз кредитпен қосымша табыс тапқыңыз келсе, онда Сіз 2018 жылғы 21 мамырдан бастап 31 шілдеге дейін ВТБ Банкте қарыз рәсімдеуіңіз керек, сонда Сіз автоматты түрде «Қалауына қадам бас» акциясының қатысушысы бола аласыз, оның аясында 18 ақшайл жұлде ұтысқа түседі: 1 000 000 теңгенден 2 жұлде, 500 000 теңгенден 2 жұлде және де 100 000 теңгенден 14 жұлде! Келіссіз бе, егер Сіз, мысалы, көлемі 3 000 000 теңге кредитіңіз болса, онда ақияның бас жұлдесі үлкен демеу болады және қарыздан жылдамдық құтылуға көмектеседі. Керемет сыйлық демеуге не бұл?

– Кредит алу үшін тапсырысты үйден шықпай біздің сайтта толтыруға болады. Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) 5 жыл мерзімінен 4 000 000 теңгеге дейін қолма-қол ақпен кредиттер ұсынады. Осы қарызды берген кезде, өтінішті және құжаттарды қарағаны үшін комиссия алынбайды. Қосымша, біздің клиенттерге қазір акциясы жұлдердің бірінші иегері болуына мүмкіндік бар, – деді Банк ВТБ (Қазақстан) Қызылорда қаласындағы филиалының директоры Роман Шой. – Егер Сіз басқа банкте кредит болса, Сіз оны ВТБ-да қайта қаржыландыра аласыз және де акция қатысушысы боласыз.

Айтпақты, қайта қаржыландыру – бұл қарызды жеңілдетуге көмектесетін қызмет. Біріншіден, осы құрал көмегімен Сіз пайыздық мөлшерлемесі төмендеті аласыз. Екіншіден, қайта қаржыландыруды жиі кезде бір банктегі бірнеше кредитті біріктіру үшін пайдаланады. Бір отбасында бір уақытта бірнеше кредит болуы мүмкін. Бұл аса ыңғайлы емес, әр кредит бойынша төлем күндері әртүрлі – жаңылып калуы



мүмкін. Егер Сіз қайта қаржыландырудың тиімді талаптарын танысаңыз, ең жақсысы – барлық қарыздарды бір жерде біріктіру, ол ақшаны үнемдеп қана қоймай, сондай-ақ кредитке қызмет көрсету уақытын да үнемдейсіз. Тағы бір жиі кездесетін себеп – үлкен кредит алу мақсатымен қайта қаржыландыру, яғни Сіз бір банктегі кредитті жабу үшін басқа банктен ақша аласыз, онда Сіз басқа қажеттілігіңіз де қаражат аласыз. ВТБ-дағы қайта қаржыландырудың талаптары тұтынушылық кредитті рәсімдеуімен бірдей – 5 жыл мерзімінен 4 000 000 теңгеге дейін.

Жалпы алғанда, егер Сіз кредит аламын деп шешсеңіз, оны Банк ВТБ (Қазақстан)–нан алыңыз – осылайша, Сіз мерзімнен бұрын өтеуге көп мүмкіндік болады. «ҚАЛАУЫҢА ҚАДАМ БАС» акциясы туралы толық ақпаратты мобильді телефоннан 5050 нөмірі бойынша алуыңызға болады.

(ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын ретлеу мен қадағалау агенттігінен 2014 жылдың 23 желтоқсанында №12.1439 лицензия берілген)

ДАҒА АЛҒЫСҚА ЛАЙЫҚ АҚ ХАЛАТТЫЛАР

Адам баласы тіршілікте екі нәрсенің қадірін біле бермейді екен. Оның бірі – денсаулық болса, екіншісі – уақыт.

Жарты жылдан астам уақыт біз де дәрігердің көмегіне жүгінуден келеміз. Отанамыз Сұлу қажы Әбдіразаққызы бұлтыр қазан айының соңы онкүндігінен бері үш-төрт мәрте аурухана төсегіне таңылды.

Ақыры облыстық медициналық орталықтың №1 жансақтау бөлімінің бір-ақ шықтық. Шұғыл тексерулерден өткізіп, оң бүйрек жұмыс істемейді деген тоқтамға келген дәрігерлер қауымы ота жасайтын болып шешті. Бір дәрігер тас бар, екіншісі жарық бар, енді бірі төмен түскен деп осы кезге дейін болжам жасалып келген бүйректен ақыры уролог дәрігерлер 800 граммдай қанды ірін алдық деп түтік салып қойды.

Сонымен алғашқы отадан үш ай өткенде медициналық орталықтың урология бөліміне қайта жатып, ақыры оң бүйректі алдыруға тура келді. Жалпы, адам баласында алдымен оң бүйрек кеселеге

ұшырайды екен. Әуелі Алла Тағаланың қалауымен, содан соң өз ісінің білгірі атанған алтынқолды дәрігерлер біліктілігінің арқасында бүгінде отанамыз біртіндеп сауығып келеді.

Адамға жан жадыратар жылы сөз айту, ерекше мейіріммен жақсылық жасау – сауапты іс деп жатамыз. Сол айтпақшы, құндылық қызмет барысында ондаған сырқат жандарға қамқор қолын созып, құрметке бөленіп жүрген облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова, орталық директоры Нұриддин Әмитов, урология бөлімінің меңгерушісі Исахмет Валишаев, емдеуші дәрігер Еркін Ысқақов, реаниматолог-анестезиолог Әуесхан Самғамбетов, сондай-ақ Қызылорда қалалық ауруханасы бас дәрігерінің ішкі аудит жөніндегі орынбасары Гүлнар Бйырабаева сүйікті басшылығын – облыстық «Сыр бойы» газеті арқылы отбасымыздың атынан алғыс айтқым келеді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ, ҚР Мәдениет қайраткері.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (облысшілік, қалааралық) тұрақты тасымада маршруттарының жолақы тарифтері



№	Маршруттардың атауы	Жолақы бағасы, теңге
1	Қызылорда-Арал	1700
2	Қызылорда-Әйтеке би	1400
3	Қызылорда-Жосалы	800
4	Қызылорда-Жалағаш	400
5	Қызылорда-Терөзек	300
6	Қызылорда-Шиелі	600
7	Қызылорда-Жанақорған	800
8	Қызылорда-Жосалы-Төретағ	1000

9	Төретағ-Арал	800
10	Төретағ-Әйтеке би	600
11	Қызылорда-Айдарлы	350
12	Қызылорда-Бесарық	250
13	Қызылорда-Қоғалыкөл	350
14	Шаған-Қызылорда	350
15	Тоқмағамбетов- Қызылорда	300
16	Қалжан ахун- (Терөзек)-Қызылорда	300
17	Ақжарма-Қызылорда	400

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?



Қазалы. «Арзан» көтерме сауда үйінде І сортты бидай ұны – 76-80, өсімдік майы – 290-310, картоп – 80-100, қырыққабат – 40, сәбіз – 90, рожки – 125 теңгеден сатылса, «Нұр-Дәулет» әлеуметтік дүкенінде І сұрыпты ұн – 82, күріш – 160, макарон – 120, өсімдік майы – 320, қарақұмық – 95, сүт 2,5 пайыз майлығы – 185, айран 2,5 пайыз – 200, ұнтақ жарма 120 теңгеден саудаға шығарылуға.

«Фей Перизат» сауда орнында өсімдік майы – 300, І сұрыпты ұн – 80, картоп – 110, пияз – 80, жұмыртқа 17 теңгеден сатылуға.

Қармақшы. «Сұлтан» сауда орталығы, «Орда» көтерме сауда орталығы және «Жандос» дүкендерінде үн І сорт – 85, нан – 55, өсімдік майы – 310-330, тауық еті – 600,

жұмыртқа – 19, картоп – 100-110, жуа – 70-75, сәбіз – 80-90, қырыққабат – 80-85 теңгеден, сатылуға. «Таңсықбай», «Вибінур» базарларында нан – 55, өсімдік майы – 310-330, ет – 1400, тауық еті – 610, жұмыртқа – 20-21, картоп – 110-120, жуа – 70-75, сәбіз – 100-110, қырыққабат 90 теңгеден сатылуға.

Жалағаш. «Байтерек», «Жібек» базарларында картоп – 120, пияз – 80, сәбіз – 100, қырыққабат – 80, сирп еті – 1400, «Ақиет» дүкенінде І сұрыпты бидай ұны – 80, нан – 45, өсімдік майы – 325, тауық еті – 550, жұмыртқа – 16, картоп – 120, пияз – 80, сәбіз – 100, қырыққабат – 80 теңге. «Әзіза» әлеуметтік дүкенінде үн І сортты – 86, өсімдік майы – 325, жұмыртқа – 18, картоп – 120, пияз – 80, сәбіз – 100, қырыққабат 80 теңгеден сатылуға.

Сырдария. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде І сортты бидай ұны – 87-88, нан – 55, өсімдік майы – 330, картоп – 110-110, пияз – 80-90, сәбіз – 100-110, қырыққабат – 80-110, жұмыртқа – 16-18, тауық еті – 560-650, қант-құмшекер – 190-210 теңгеден сатылуға. «Вақытжан», «Нұр» және «Нұрай» дүкендерінде нан – 55, өсімдік майы – 350, картоп – 130, пияз – 90, сәбіз – 120, қырыққабат – 120, жұмыртқа – 18, тауық еті – 650, қант – 220 теңгеден сатылуға. «Коммуналдық» базарында үн І сұрыпты – 87, нан – 55, өсімдік майы – 350, картоп –

130, пияз – 90, сәбіз – 120, қырыққабат – 90, жұмыртқа – 18, тауық еті – 650, қант 220 теңгеден тұтынушыға ұсынылуға.

Шиелі. «Ә.Шорабаев» базарында І сортты бидай ұны – 80-94, өсімдік майы – 303-370, ет – 1400, тауық еті – 500-600, жұмыртқа – 15-17, картоп – 100-120, пияз – 65-90, сәбіз – 80-100, қырыққабат – 100-150, қант – 200-220, тұз, 40 теңгеден алуыңызға болады. **Жаңақорған.** «Нұр» базарында және «Мағжан», «Зағфар», «Сырдария», «Кәусар», «Нұрәділ» және «Нұрасыл» дүкендерінде үн І сорт – 86-96, нан – 50-70, өсімдік майы – 310-380, ет – 1400, тауық еті – 580-630, жұмыртқа – 16-20, картоп – 120-130, пияз – 60-80, сәбіз – 90-110, қырыққабат 80-100 теңгеден сатылуға.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорси» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік Нұралы кенішінде БИСС кенішту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Жанақорған кенті орталығында Қорған көшесі №8 үйі сатылады. Үй орталықта орналасқандықтан, офиске де өте ыңғайлы. Газы, суы кіріп тұр. Бағасы келісімді. **Хабарласу телефоны: 87011828027.**

КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы катпарлы кірпіш сатылады. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

</

BASPASÓZ TÝRY

АУДАНДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Сыр өңірі құрылыс қарқыны бойынша республикада алдыңғы қатарда тұр. Облыс орталығын айта алмай, барлық аудандарда жаңа нысандар бой көтеріп, ел игілігіне берілуде. Соның бірі – Сырдария ауданындағы серпінді істер.



БАҚ өкілдерін аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Асылбек Әбуов Терөзек кентіндегі А.Иманов және Н.Ергешбаев көшелерінің қиылысында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынатын жатқан көптеген 2 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын таныстырды. Құрылыс жұмыстарын «Данекер» ҚК ЖШС жүргізуде. Көптеген үйді қараша айында бітіру жоспарланған. Бүгінде екінші



қабаттың кірпішін қалау жұмыстары жүргізілуде. Алпыс адам жұмысқа тартылған, оның 13-і – кент тұрғыны.

Инфрақұрылымдары толық дайын. Бұл үйден бірінші кезекте апаттық үйлерде тұрған азаматтар, ҰОС ардагерлері және кезектілігі бойынша тұрғындар баспана алады. Алдағы уақытта жаңадан бой көтеріп жатқан шағын ауданнан үш-қабатты 9 үй салу жоспарланған.

«Жапнай кәсіпкерлік қолдау жылы» аясында аудан орталығындағы Қалғандария каналы маңында демалыс жағажайы ашылды. Жеке кәсіпкер «Эко құрылыс Проект» ЖШС директоры Ғалымжан Қалдыбекосы арқылы 5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бүгінде қайық, катамаран алынған, 7 сәкі қойылған. Жазғы уақытта демалатын мұндай орын аудан тұрғындары мен қонақтары үшін өте жайлы аймақ болмақ.

Соңғы үш жылда аудан бойынша 3 спорт кешені, 1 стадион пайдалануға берілді. Тіректі ауыл саналатын Ақжармада денешынықтыру-сауықтыру ке-

шесін салуға облыстық бюджеттен 192,3 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда «Мунай құрылыс» компаниясы құрылыс

жұмыстарын жүргізуде. Сәуір айында басталған құрылысқа 42 адам тартылған, оның 10-ы – ауыл тұрғыны. Құрылыстың 85 проценті аяқталып тұр. Спорт кешені шілде айында пайдалануға беріледі. Онда баскетбол, волейбол, футбол, қол добу, қазақ күресі, таеквондо үйірмелері жұмыс жасайды.

Сондай-ақ, Ақжарма ауылында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ауылдық дәрігерлік амбулатория салынуда. Құрылыс жұмыстарын «Ахат-ГС» ЖШС жүргізуде. Мұнда науқастар мен медициналық көмекке жүгінген азаматтарға сапалы амбулаториялық көмек көрсету үшін барлық қажеттіліктер қарастырылады. Нысан шілде айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Құрылыс жұмыстарына 20-ға жуық ауыл тұрғыны тартылған.

Көпір салу – сауапты істердің ең үлкені. Көпір қажеттілігін, әсіресе судың жағасындағы елді мекені кіреберіс жолдағы «Жаңадария» каналы арқылы өтетін көпірге өткен жылы облыстық бюджеттен 239,43 млн теңге бөлінген. Құрылысты «Стандарт ойл КЗО» ЖШС жүргізді. Ауыл тұрғыны Ақбар Ақжігітов ел игілігіне көпір салып, сауапты іс жасаған азаматтарға алғысын жеткізді.

Баспасыз тұры барысында біз осындай әлеуетті істердің күзсі болды. Құрылыс – сәулет қана емес, елдің дәулеті. Ал дәулеті артқан ел алға адымдай беретіні айтпаса да түсінікті.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ШЫРЫНКУЛ ҚАЗАНБАЕВА



98 жасқа қараған шағында Социалистік Еңбек Ері, облыстың Құрметті азаматы Шыринул Қазанбаева өмірден озды.

Шыринул Қазанбаева 1920 жылы 12 қыркүйекте Шиелі ауданы, Үлгілі ауылында дүниеге келген. Батыр анамыздың барлық өмірі осы колхозда диқаншылықпен өтіп, үнемі абырой биігінен көрінді.

1940 жылы Шиелі МТС-та 3 айлық трактор курсы бітіріп, соғыс жылдары осы Нартай ауылында әйелдерден бірінші болып тракторға отырды. Сөйтіп, соғысқа кеткен азаматтардың орнын жотқатқан жоқ.

1946 жылдан Одақтық дәрежелі зейнеткерлікке шыққанға дейін осы шаруашылықта күршіш болып еңбек етті. Барлық уақытта жоғары өнімге қол жеткізіп отырды. Жыл сайын 20-30 гектардан күріш егіп, оның әр гектарынан 55-70 центнерге дейін өнім алды.

Еңбекшіл жанның адал, жанқиярлық еңбегі барлық уақытта мемлекет тарапынан жоғары бағаланды.

1966 жылы Шыринул Қазанбаеваның есімі Қазақстанның Алтын кітабына жазылса, бірнеше рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ал, 1972 жылы еңбектегі ерлігі үшін оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Шыринул Қазанбаева республикалық, одақтық социалистік жарыстың озағы атанып, түрлі дипломдармен, алтын, күміс белгілермен марапатталған. Сондай-ақ, ондаған медальдің иегері.

Шыринул апамыз бүкіл Сыр жұртшылығының құрметті адамы. Еңбек зейнетіне шыққаннан кейін де желестерінің парасатын ақылшысы ретінде ынтымақ пен бірліктің жанашыры болды.

Ғасыр жасаған Социалистік Еңбек Ері Шыринул Қазанбаеваның жарқын бейнесі ел жадында сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімі Дүйсенбай Аяшұлы,
«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы,
Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі.

BILGENIM – BIR TOĞYZ...



ҚҰРМА АҒАШЫ

Алла топырақты елеген, Адам атаны жаратқан соң, электен қалған топырақтан құрма ағашын жаратқан.

Адам мен құрма ағашының арасында керемет ұқсастық болатын себебі сол.

Біріншіден, құрма ағашының орта жасы 60 жас шамасы, одан да ұзақ жасайтындары жүз жыл тұрады. Құрма ағашы да аталық, аналық болып бөлінеді. Аталығының жапырағы адам сашы секілді тік және қысқа келеді. Сондай-ақ, ол тозаңдану арқылы емес, ұрықтану арқылы көбейеді. Жас ағаш ана құрасы секілді бүйірден томпаиып өсіп шығады. Белгілі уақыттан соң бағбан оны ағаш бүйірінен бөліп алып, жақын жерге отырғызды. Егер бөлініп алған ағаштан, яғни, аналықтан алыс отырғызылса, көбеймей, өліп қалады.

Құрма ағашының жоғары жағына адам басы сияқты домалақ басқару жүйесі орналасқан. Оны «жумра» дейді. Өзге ағаштар жоғары жағын кәсіп тастасаңыз, жанынан бұтақ өсіп, көктем кете береді. Құрма ағашының жум-

расын кесіп тастасаңыз, құрап қалады. Қазақтың «жұмыр басты пенде» дейтін сөзінің төркіні міне, осында.

Шынында, бұл – құрманың қыр-сырын білмейтін біз үшін тосын сыр. Біздің білетініміз, ораза айының ең кешінде дастарханымызда құрма жемісі тұрады. Молдалар сумен емес, құрмамен ауыз ашудың сауабы мол екенін айтады. Ал, медицина күні бойы ас түспеген, қабысып-бүріскен іштерді алдымен сумен тазалап алу керек деген ұстанымда болады.

Бірақ, олар құрма ағашының да адам секілді күн сайын су ішетінін ескермейді. Яғни, құрма ауызға түсімен бірден суға айналды, ағзаға өте жылдам таралады. Ағза басы азықтың 100-ден 10 бөлігін ғана қабылдап, қалғанын сыртқа шығарып тастайды.

Құрма керісінше өз құнардың 90 бөлігін қанға таратады.

Құрманың мұнан да басқа құпиялары бар.

Оны қарилар ғана біледі.

Дүйсенбай АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

«ӨЛКЕТАНУ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында республикалық «Өлкетану» акциясы басталды. Акцияның басты мақсаты – еліміздің әр аймағындағы мектеп оқушыларына киелі жерлерді таныстыру, жас ұрпақты өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, әрбір өлкенің табиғаты, киелі жерлері жайлы танымын кеңейту. Акцияға барлық облыстық мектеп оқушылары қатысады.

Осыған орай өңірде облыстық білім басқармасы мен аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен 70-тен астам мектеп оқушысы Ақмола облысына саяхатқа аттанды. Акцияға әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар, көп балалы отбасылардың балалары қатыстырылуда.

Алдын ала келісім бойынша екі аймақтың оқушылары өзара достық қарым-қатынас орнатып, өз өлкелерінің киелі жерлерін бірге аралайтын болады. Бұл шара арқылы оқушылар ұлтымыздың өткен тарихы, танымал тұлғалар жайлы қызықты деректерге қанығады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде алғаш рет жүзеге асырылып жатқан акция жас ұрпаққа есте қалар тағалымды шаралармен маңызды болмақ. Оқушыларға жасқы демалыс, сәттілік тілеймін, – дейді «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Гүлмира Әшірбекова.

Айта кету керек, алдағы уақытта Ақмола облысының мектеп оқушылары да Сыр өңірінің қасиетті жерлеріне ақиян аясында арнайы сапармен келетін болады.

М.ОТАРАЛЫ.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.

SERGEK

БАС ҚАМШЫНЫ,
ҚАМШЫБЕК!

Қазақстан Президентінің кубогы үшін боқстан өткен халықаралық турнирге 16 елдің батыстары қолғап шеберлері қатысты. Қазақстан құрамасы дәстүрлі бәсекеде 10 алтын, 6 күміс, 12 қола медаль оялап, көш бастады.

Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Сыр ұланы Қамшыбек Қоңқабаев 91 келден жоғары салмақта бақ сынасып, екінші мәрте қатарынан жеңіс туғырына көтерілді. Ол жарыс барысында үш кездесу өткізіп, үшеуінде де жеңіске жетті. Қамшыбектің алдағы жоспары – Олимпиада ойындарына жолдама алу үшін келесі жылы Сочиіде өтетін лицензиялық әлем чемпионатына дайындалу.

Сондай-ақ, айтулы долада жерлесіміз Дәмеккен Келімет 57 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, турнирдің қола жүлдесін иеленді.



Қос спортшы да – біздің жерлесіміз, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінде жаттығады.

Қызылордалықтар ала арқаннан ішінде атой салып, мойнына алтын таққан Қамшыбек Қоңқабаевты құрметтеп күтіп алды.

Біз талантты жерлесіміздің тек қана әлемдік бәсекелерде көк байрақ көтергенін көргіміз келеді.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

ӨНЕР

Арман ӘЛИЕВ,
«Оңтүстік-цирк» мекемесінің директоры:

ЦИРК ӘРТИСІНЕ
ҚАТЕЛЕСУГЕ БОЛМАЙДЫ

Цирк – ерекше өнер. Ептілік пен күштілікті талап етеді. Мұнда қызмет ететіндер де – ерекше жан-дар. Күн сайын қаншама қиындықпен бетпе-бет келеді.

Бүгінде елімізде үш мемлекеттік цирк бар. Соның бірі – Шымкент қаласындағы «Оңтүстік-Цирк». Жуырда оның директоры Арман Әлиевпен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Өзіңіз басқарып отырған өнер жұмысын қай кезде бастады?

– Оңтүстік циркі 2011 жылы «Туал-сіздіктің 20 жылдығы» аясында ашылды. Халыққа қызмет етіп келе жатқанымызға 7 жыл болды. Қазіргі таңда ұжымда 185 қызметкер бар, оның 111-і – шығармашылық ұжым өкілдері. Джаз оркестріміз жұмыс жасауда. Ал, біздің үйретілген жануарларымызға келсек, 4 арстан, бір аю, шотландиялық 3 пони, 6 жылқы бар.

– Бұл өнерге келгісі келетін әрбір өнерпаз не нәрсеге дайын болуы керек?

– Біріншіден, қиыншылыққа шыдамдылық керек. Келген адамдардың көбі шыдамай кетіп жатады. Сондай-ақ, үлкен жүректілік пен сүйіспеншілік қажет. Мәселен, көптеген саланың жұмысы бір сыдырғы болып келеді. Бізде керісінше, күніне бір жаңалық, бір өзгеріс болып жатады. Бір өнерпаз бір трюк қосса, ол – біз үшін үлкен жетістік.

Оған қоса күн сайын дайындық жұмыстары қызу жүреді. Бір күн дайындықсыз қалуға болмайды. Ойткені, адам қалыптан шығып қалады. Үнемі үздіксіз ізденісті, жанкештілікті талап ететін өнер болғандықтан, мұндай қиындыққа төзіп, талмай еңбектену керек. Сонда ғана бұл өнердің шыңына жете аласыз.

– Өзіңіз айтып өттіңіз, «әр күні бір жаңалық болады» деп. Сіздердегі басты жаңалық ол өнерпаздың үйренген трюгі. Бір трюкке қанша уақыт кетеді? Циркке керек реквизиттерді қайдан аласыздар, елімізде бар ма?

– Адамды негізі бет-әлпетінен не жылтыраған киіміңізбен таңқалдыра алмайсыз. Цирктегі таңқалдырудың басты тетігі – ешқандай сақтандырысыз тәжірибе алмасып жататын. Шет елмен әріптестік бар ма, бар болса, мамандардың өзге тілді білу жағғы қалай?

– Бүгінгі күні Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Беларусь, Ресей, Грузия, Түркіменстан, Тәжікстан, Қытай сияқты елдермен әріптестік қарым-қатынастамыз. Бір айта кетерлігі, біздің



кәуіпті жағдайда өнер көрсету. Сол себепті трюк жасап үйрену жанрына байланысты болып келеді. Кейде 1-1,5 жыл дайындалса, қағылз мінезді аңдармен жұмыс жасағанда 3 жылға дейін созылады. Қаншама қажыр мен қайратты, уақытты талап етеді. Ал, реквизиттерге келсек, өкінішке орай, Қазақстанда бірде-бірі жоқ. Тапсырыс арқылы Ресей, Германиядан алдыртармыз.

– Байқағанымыздай, цирк өнері басқа театр қойылымдарына қарағанда өте қауіпті.

– Дұрыс айтасыз, цирк әртісіне қателесуге болмайды. Егер мулт кетсе, жарақаттанады, тіпті, өліп кетуі мүмкін. Мәселен, театр қойылымдарында кейбір қателіктерді кейінгі көрсетілімдерде қайта түзуге мүмкіндік бар. Ал бізде олай емес.

Тікелей эфир сияқты бір-ақ рет көрсетіліп, өтеді де кетеді. Мен үнемі айтып жүремін, өзге өнер ұжымдарының басшылары өз қойылымдарында демалып отырып көретін болса, мен әр қойылымда қанымды шүберекке түісіп отырамын. Әртістердің өмірінде қауіпсіздігіне алаңдаймын, аңдармен жұмыс істеу оңай емес.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.

– Кез келген салада өзін-өзі дамыту үшін өзгерістермен үздіксіз айналысу керек.


елімізде цирк әртістерін арнайы дайындайтын оқу орны жоқ. Сол себепті мамандарды тәжірибе алмасып, біліктіліктерін жетілдіру үшін осы елдерге жібереміз. Алдағы уақытта Еуропа елдеріне шыққымыз келеді. Біздің өнерпаздардың шет елде өнер көрсетуге әлеуеттері толық жеткілікті. Мәселен, циркте батылдық шеңбері деген жанр бар. Сол үштік семафор бойынша біздің өнерпаздардың бір бөлігі қазіргі күні Қытай елінде өнер көрсетіп жатыр. Бұл үлкен батылдықты талап ететіндіктен кез келген адамның қолынан келе бермейді. Бірақ қазақ жігіттері мұны бағындыра білді. Тілге келсек, аудармашымен жұмыс жасаймыз. Дегенмен, арнайы ағылшын тілінде оқытып жатырмыз. Сондай-ақ, Қытайда өнер көрсетіп жүрген әртістер, тәжірибе барысында өз беттерінше үйреніп алған. Қытай тілінде еркін сөйлейді.

– Жеті жыл көпте, азда уақыт емес. Осы уақыт аралығында ұжымның жеткен жетістеріне тоқталып өтсеңіз...

– 2016 жылы 12 мемлекет қатысқан «Азия жаңғырығы» халықаралық цирк фестивалінде күміс жүлдегер атандық. 2017 жылы өткен «Шабит» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінде Перизат Анарбекова деген бүлдіршіміз қоласуға өткен әуе гимнастарының арасынан Диана Мералиева есімді өнерпазымыз қола жүлде иегері болды. Біздің ұжым «ЭКСПО-2017» көрмесінде де өнер көрсетті. Осы жылы өтетін «Азия жаңғырығы» халықаралық цирк фестиваліне қатысып, жүлде алуға үмітіміз бар.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».



PIKIR

ҰСТАЗДАР САРАЙЫ САЛЫНСА...

Қала орталығында №264 Тәкей Есетов атындағы мектеп-лицей бар. Сәнді де суықтатты ғимараттармен қатар орналасқан білім ошағы жас ұрпаққа заманға сай білім мен тәрбие беру ісінде өзіндік белдеге ие. Мектеп-лицейдің басшысы Улбосын Маханова өз ісін жетік білетін маман. Педагогикалық талап деңгейіне сай әрбір ісін ұтымды ұйымдастыра біледі. Мектепте барлық пән бойынша үйірмелер жұмыс жасайды. Онда білікті де тәжірибелі мұғалімдер қызмет етеді.

Мен зейнеткермін. Немерелерім осы мектепте оқиды. Олардың сабақтары тексеріп отырып, мектепте білім мен тәрбие берудегі талап деңгейін аңғарамын. «Тазалық табалдырықтан басталады» дегендей, мектептің іші-сырты тап-тузайнақтай, әсем безендірілген. Ал мұндай, тәртіп пен тазалықты, білім беруді сапалы түрде жүргізіп отырған білім ұялары аз емес. Қайсыбір үлгілі мектеп болмасын ондағы жетістік басшылық пен ұстаздардың арқасы.

Өздеріңіз білетіндей, мемлекет тарапынан мұғалімдердің жалақысын көтеруге көп көңіл бөлініп отыр. Дегенмен, жалпы қоғамда ұстаз мәртебесін көтеруге байланысты әлі шешімін таппай тұрған көптеген мәселе бар. Сондықтан бұған байланысты осы саланың мамандары, ардагерлері орыңқты ой айтып, нақты істерге атсалысуы керек. Осы орайда менің бір ұсынсымым, облыс орталығынан Ұстаздар сарайы салына, құба-құп болар еді. Ол жерде мұғалімнің мәртебесін көтеретін насихат шаралары жүргізіліп, түрлі бастамаларға ұйытқы болса, жарасымды емес пе?..

Сәтімжан ҰМБЕТӨЛІЕВА.
Қызылорда қаласы.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №896